Қазіргі уақытта салауатты өмір салтын қалыптастыру мен насихаттауға және халықтың денсаулығына жауапты қарауға көп көңіл бөлінеді. Дегенмен, халықтың барлық санаттары денсаулығын күтіп, спортпен шұғылданып, салауатты өмір салтын қалыптастырады деп айту қиын. Жасөспірімдер мен жастар, өздерінің жас ерекшеліктеріне және белгілі бір дәрежеде инфантильдігіне байланысты, олар өз қызметін әрдайым конструктивті арнаға бағыттамайды және жиі қоғамға қарсы мінез-құлық танытып, қазіргі қоғамның рухани және әлеуметтік нормаларын бұзады.


Заманауи әлемде салауатты өмір салты - халықтың өмір сүру сапасының негізгі көрсеткіштерінің бірі.

Салауатты өмір салтын құрайтын компоненттердің бірі - дұрыс тамақтану. Қазіргі заманғы жастар қаншалықты дұрыс тамақтану принциптеріне бағынады? (6-сурет).

Респонденттердің жауаптары төмендегідей болды: жауаптардың шамамен жартысы (47,6% - «Иә, ұстанамын» және «Көбінесе иә, бірақ кейде болмай қалады»), дұрыс тамақтану тәртібін ұстануға тырысады және бақылайды, 52,2% дұрыс тамақтану тәртібін ұстанбайды (сирек ұстанады) олардың 17,4% мүлде ұстанбайды, 34,8% сирек ұстанады.

6-сурет


Сұрақ бойынша жауаптар: «Айтыңызшы, Сіз дұрыс тамақтану тәртібін ұстанасыз ба?», (%)



Бұл сұраққа жауап беру кезінде гендерлік айырмашылықтар байқалады. Мәселен, ерлерге қарағанда, дұрыс тамақтану тәртібін ұстанатын әйелдер жиі кездеседі (оң жауаптар бойынша жиынтық процент - ерлердің 39,9% қарсы 54% құрайды). Сонымен қатар, респонденттің материалдық әл-ауқат деңгейімен арақатынасы бар: табыс деңгейі неғұрлым жоғары болса, соғұрлым дұрыс тамақтану тәртібін ұстанады.

10-кесте

Сұрақ бойынша жауаптар: «Сіз қаншалықты жиі спорт залына, стадионға, бассейнге барасыз?», (%)



Сауалнамаға қатысқан жас алматылықтардың үштен бірінен көбі (37%) спорттық нысандарға бармайды. Бұл негізінен қыздар (44,1%), НЕЕТ санатының өкілдері (48,6%), материалдық әл-ауқаты төмен респонденттер, көбінесе отбасылы адамдар.

Спортпен айналысатын респонденттердің жоғарыда аталған әлеуметтік сипаттамаларына сүйене отырып, біз спортқа деген ынталандырудың жоқтығы және жасөспірімдердің осы санаттарына арналған спорттық инфрақұрылым объектілерінің қолжетімсіздігі туралы қорытынды жасай аламыз. Іс жүзінде аталған барлық сипаттамалар респонденттердің табыс

деңгейіне және олардың әлеуметтік мәртебесіне тікелей байланысты. Жастарды спортқа жетелеу үшін қалалық билікке жастардың әр түрлі санаттағы спорттық инфрақұрылым объектілерінің болуын қамтамасыз ету үшін күш-жігерін салу ұсынылады.


2.3.2. Жастардың шылым шегу, алкоголизм, нашақорлыққа қарым-қатынасы

Жастардың шылым шегуге қатысты көзқарасы жастардың салауатты өмір салтының қағидаттарына деген сүйіспеншілігін көрсетеді. Қазіргі заманғы қоғамда шылым шегудің кең таралғандығына қарамастан, темекіге тәуелділік әлі де ауытқудың бір түрі (девиантты мінез-құлықтың) болып саналады. Алайда, жастар темекі шегуді девиантты мінез-құлықтың көрінісі ретінде қарастырмайды, бұл олардың ортасында қалыпты жағдай. Алматы жастары шылым шегуге қалай қарайды?

Алынған мәліметтерге сүйенсек, сұралған жас алматылықтардың төрттен бір бөлігі темекі шегетінін (24,8%) атап өтті. Олардың көпшілігі (77,4%) үнемі (күн сайын) тартады (7,8-сурет).


7-сурет

Сұрақ бойынша жауаптар: «Айтыңызшы сіз шылым шегесіз бе?» (%)



8-сурет

Сұрақ бойынша жауаптар: «Егер шексеңіз, қаншалықты жиі?», (%)



Зерттеудің нәтижесі бойынша шылым шегу мәселесі әйелдерге (12,5%) қарағанда ерлерде (39,5%) жиі кездеседі, сондай-ақ әл-ауқат деңгейі төмен респонденттер салыстырмалы түрде көбірек шылым шегеді. Респонденттердің жасы бойынша арақатынас көрсеткендей, шылым шегу тәжірибесі үлкен топтағы респонденттерде кеңінен таралған (11-кесте).

11-кесте

Сұрақ бойынша жауаптар: «Айтыңызшы, Сіз шылым шегесіз бе?», жас ерекшеліктері бойынша, (%)


Жауап нұсқалары	14-18 жас	19-23 жас	24-29 жас
Иә	7,8	28,4	29,8
Жоқ	92,2	71,6	69,8

Осылайша, эмпириялық деректерді талдау Алматы қаласындағы жастар арасында шылым шегу мәселесі жиі кездесетінін көрсетті. Дегенмен, шылым шегудің қоғамдағы әлеуметтік жағынан қабылдауға өрескел мінез-құлық екендігін ескере отырып және респонденттер осы мәселеге қатысты шындықты жасыру фактісін ескеретін болсақ, түпкілікті тұжырымдар жасау мүмкіндігі болмайды.

Қазіргі қоғамда ең өткір мәселелердің бірі - жасөспірімдер мен жастардың ішімдікке салыну және алкогольді ішімдіктердің таралу жағдайлары. Алкогольді ішімдіктерді пайдалану және ішімдікке салыну - бұл маргиналды (девиантты) жастарға тән жаман әдеттердің бірі. Бұл мәселе мегаполисте қаншалықты таралған? Жастар арасындағы алкоголизмге қатысты бұл жағдайды жастар қалай бағалайды? Респонденттердің жауаптары 9-суретте келтірілген.

9-сурет

Сұрақ бойынша жауаптар: «Сіз қалай ойлайсыз, Алматы жастары алкогольизмге қаншалықты бейім?», (%)



Респонденттердің жартысына жуығы алматылық жастардың қалыпты мөлшерде алкогольді ішімдік ішетініне сенеді (46%). Респонденттердің үштен бірінен аз бөлігі (29%) алкогольизм мәселесі қаланың жастары үшін маңызды екенін атап өтті. 13,8% алкогольді тек қылмыскерлік өмір салтын ұстанатын жастар ғана пайдаланады деп есептейді. 8,4% бұл мәселе Алматы қаласының жас тұрғындары үшін мүлдем өзекті емес екендігі туралы пікір білдірді.

Көбінесе Медеу (43,6%) және Алмалы (37,7%) тұрғындары жастар арасында алкогольизм мәселесі бар екенін атап өтті. Респонденттердің басқа әлеуметтік-демографиялық сипаттамалары олардың бағалауына айтарлықтай әсер еткен жоқ. Яғни респонденттердің көпшілігі алматылық жастардың алкогольді ішімдік ішу жағдайын қалыпты деп бағалайды.

Балалар мен жастардың психоактивті заттарды пайдалануы қазіргі қоғамның маңызды мәселесі болып табылады. Нашақорлық пен алкогольизмнің әлеуметтік жағымсыз салдары бар: қылмыс пен адамгершілікке жатпайтын әрекеттер жасалады, жеке тұлға және тұтастай алғанда халық деградацияға ұшырайды, өлім саны өседі (әсіресе жастар арасында), аурулар дамып, таратылады, науқастар мен ауру балалардың туу деңгейі артады, отбасылар құлдырайды. Кәмелетке толмағандар, балалар мен жасөспірімдер заманауи қоғамның жағымсыз әлеуметтік құбылыстарына ұшырауы мүмкін.

Есірткіге тәуелділік те девиантты мінез-құлықтың аса қауіпті формасы ретінде зерттеудің негізгі мақсаты болып отыр. Әлеуметтанулық зерттеу барысында жастардан есірткі қолданатыны туралы жастардан тікелей сұрау жөнсіз болады, себебі жастардың бұл туралы шындықты айту ықтималдығы аз. Бұл мәселені жастардың өмірінде таныстарының арасынан есірткіні қолдану фактілерін анықтауға мүмкіндік беретіндей етіп жасау туралы шешім қабылданды. Жастар ортасында есірткіні жиі қолдану жағдайларының кездесуі адамның өзі де осындай девиацияның формасына шалдыққанын көрсетуі мүмкін.

Респонденттердің көпшілігі (82,8%) мұндай жағдайға тап болмағандарын атап өтті. Әрбір оныншы респондент «кейде есірткіні қолданудың куәгері боламын» деген жауапты таңдады. Респонденттердің 3,8% мұндай жағдайларды жиі көреді. Бұл өте шетін мәселе және біз респонденттер оны сақтықпен жауап берген деп есептейміз. Сонымен бірге, 15% («Кейде есірткіні қолданудың куәгері боламын» және «Иә, мен осындай жағдайларды жиі көремін» жауаптарының жиынтығы тиісінше 11,2% және 3,8%) респонденттердің айтуынша, олардың араласатын ортасында есірткі қолдану жағдайлары белгілі бір жиілікте жүреді (12-кесте).

12-кесте

Сұрақ бойынша жауаптар: «Сіз өміріңізде есірткіні пайдаланудың куәгері болып көрдіңіз бе?», (%)

№	Жауап нұсқалары	%
1	Жок, мен мұндай жағдайларды ешқашан көрген емеспін	82,8
2	Мен кейде есірткіні пайдаланудың куәгері боламын	11,2
3	Иә, мен мұндай жағдайларды жиі көремін	3,8
4	Жауап беруге қиналамын	1,6

Бұл мәселенің гендерлік сәйкестігіне арақатынасына келетін болсақ, ер адамдар әйел адамдарға қарағанда есірткі қолдану жағдайларымен жиі кездеседі (куәгері болады).

Респонденттердің жасы бойынша жауаптарын талдау мынадай нәтижені көрсетті: 14-18 жас аралығындағы жастардың көбі басқаларға қарағанда есірткі қолдану жағдайларын жиі көргендерін айтты.

Респонденттердің басым көпшілігі мұндай жағдайларды ешқашан көрмегенін атап өткенімен, жасөспірімдердің (мектеп және колледж оқушылары) жасы үлкен респонденттерге қарағанда мұндай оқиғаларда көбірек куәгер болғаны екендігі - алаңдаушылық туғызды. Қалалық билік мектептер мен колледждердегі оқушылар арасында мұндай фактілерді жою үшін шұғыл шаралар қабылдауы керек (13-кесте).

13-кесте

Сұрақ бойынша жауаптар: «Сіз өміріңізде есірткіні пайдаланудың куәгері болып көрдіңіз бе?», (%)

Жауап нұсқалары	14-18 жас	19-23 жас	24-29 жас
Иә, мен мұндай жағдайларды жиі көремін	4,9	2,8	3,9
Мен кейде есірткіні пайдаланудың куәгері боламын	9,7	12,1	11,3
Жок, мен мұндай жағдайларды ешқашан көрген емеспін	85,4	83,7	81,3
Басқасы	0	0	0,4

Бұл тақырыптың шетін сезімі респонденттерге есірткіге және психотроптық заттарға деген көзқарастары туралы тікелей сұрауға мүмкіндік бермейді. Сонымен қатар, тікелей сұрақтар жиі жауапсыз қалады және

респонденттерге қиындық тудырады. Мұндай жағдайды болдырмау және мегаполистік жастар арасында есірткі қолдану мәселесінің өзектілігі туралы мәселеге сенімді жауап алу үшін респонденттерге есірткі қолданатын таныстарының бар-жоқтығын анықтау мақсатында сұрақтар қойылды.

Респонденттердің басым көпшілігі (90,2%) бұл сұраққа теріс жауап берді. Респонденттердің 6,6% есірткі қолданатын таныстарының бар екенін көрсетті. Респонденттердің жасына байланысты арақатынас та алдыңғы сұрақтағы секілді, 14-18 жас аралығындағы жасөспірімдер мен жастар есірткі қолданатын таныстарының бар екендігі туралы жиі айтылғанын көрсетті. Бұл мәселенің жастардың кіші жас тобына деген өзектілігін тағы бір рет растайды. Қалалық билікке бұл жағдайдың жасөспірімдер арасында таралуын және есірткі заттарын қолдану жағдайларын зерттеп, мұндай девиациялық мінез-құлықты жою үшін шұғыл шаралар қабылдауын ұсынамыз.


Респонденттердің гендерлік сәйкестілігімен арақатынасы көрсеткендей, жасөспірім ұлдар жасөспірім қыздарға қарағанда есірткі құралдарын қолданатын таныстарының жиі кездесетінін айтты. Мектептердің, колледждердің басшылығы әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардан шыққан, басқа жасөспірімдерден айырмашылығы бар жасөспірімдерге ерекше назар аудару керек, мұндай оқушылардың отбасыларындағы жағдай туралы ақпаратты иемденуі қажет.

Бұл бірінші кезекте тәуекел топқа түсетін жасөспірімдер. Тұтастай алғанда, білім беру мекемелерінің басшылығы оқушылар арасында бар және ықтимал мәселелер туралы нақты ақпарат алу үшін тек ресми көшбасшылармен (топ басшысы, белсенділер) ғана емес, бейресмилерімен де байланысуы керек.

Жастар арасында есірткіні қолдану жағдайын анықтауға мүмкіндік беретін тағы бір мәселе олар қай жерде таратылғандығы туралы болды. Жастар арасында есірткінің таралуы - құқық қорғау органдарынан да, жасөспірімдердің ата-аналарынан да мұқият назар аударуды талап ететін өте өткір, әрі өзекті мәселе. *«Сіз қалай ойлайсыз, егер Сіздің қалаңыздың жастарында есірткі пайдалану құмары пайда болса, олар оны қай жерден сатып алар еді?»* деген сұраққа 66,2 % адам білмейтіндігін, 17,2 % дискотекада, 15,6 % есірткі қажет болған жағдайда оны достардан сатып алуға болатындығын, 8 % білім алу мекемелерінде, 7,6 % базарда, 5,8 % вокзалда алуға болады деп жауап берді (10-сурет).

10- сурет

Сұрақ бойынша жауаптар: «Сіз қалай ойлайсыз, егер Сіздің қалаңыздың жастарында есірткі пайдалану құмары пайда болса, олар оны қай жерден сатып алар еді?», (%)




Бұл сауалға жауап берген респонденттер, таныстарының арасында есірткі қолданатын адам болмағанымен, осы сауалға байланысты олардың жақсы хабардар екендігіне мән берген жөн. Бұл өз кезегінде осы мәселенің жастар арасында кең таралғандығынан дәйек беруі мүмкін. Жастар өздері есірткі қолданбағанымен, қалаулары пайда болған жағдайда ол есірткіні қай жерден алуға болатындығын біледі.

Бұл жағдайда өте үлкен қатер - респонденттермен белгіленген есірткі құралдарын сатып алу орындарының арасында білім беру ұйымдарының болуы. Зерттеу нәтижелеріне мән беріп, оның нәтижелерімен білім беру мекемелеріндегі педагогтар мен ата-аналарды таныстыру арықылы жасөспірімдер арасында есірткіні тарату мен қолдануға қарсы ескерту және алдын алу шараларын ұйымдастыру қажет.

Жастардың есірткі қолдануы ол- назар аудару мен зерттеуді қажет ететін мәселе. Жастардың есірткі қолдану себептері әр түрлі. Бұл зерттеудің зерттеу мәселелерінің бірі- жастардың ойынша есірткіге тәуелділіктің себебі болатын факторларды анықтау.

«Қалай ойлайсыз, сіздің қалаңыздағы жастар неліктен есірткі қолданып бастайды? » деген сұраққа респонденттердің жартысы дерлік «артық ақшалары болған соң,қызығушылықтан» (49,8 %) деп жауап берді. Одан әрі ары қарай респонденттердің жауаптары келесідей болды: 38,2 % өмірлік қиындықтардан қашу мақсатында, 28,6 % өз денсаулығына салғырт қарағандықтан, әр бір төртінші адам- «заманауи» көріну үшін деп (26,8%), 18,6 % ерік күшінің жетіспеушілігінен (бас тарта алмайды) (11-сурет).



Бұл жағдайда біз респонденттердің бағалауында біреудің тарапынан есірткінің қолдануына байланысты толықтай және нақты сынға алу мен қабылдамаушылық байқалмайтынын көреміз. Одан бөлек кейбіреулер үшін бұл девиация «күштіліктің» немесе заманауи тәжірибенің көрсеткіші ретінде көрініс табады. Біз респонденттердің девиантты мінез-құлыққа байланысты берген бағаларын шикі (қалыптасып бітпеген) деп айта аламыз. Есірткі қабылдауға қарсы және жол беруге болмайтын сезім қалыптастыруға байланысты жұмыстар жүргізу қажет. Есірткіге қарсы күрестің тиімді шарасы ретінде әлеуметтік желілерде қоғамдық пікір лидері: блогерлер, вайнерлер қатысуымен әлеуметтік роликтер ұынуды айтуға болады. Есірткіге қарсы күрестің тиімді шарасы ретінде жастар арасында танымал блоггерлердің, вайнерлердің қатысуымен түсірілген әлеуметтік желілердегі әлеуметтік бейнероликтер ең тиімді әдістер болып саналады. Есірткі қолдану сәнді және индивидтің қаржылық тоқтылығын білдіретін көрсеткіш деген стереотиптің таралуына жол бермеу маңызды. Керісінше, салауатты өмір салтын, спортты насихаттау, темекі шегуден, алкогольді және есірткіні қолданудан бас тарттыру қоғам мен негізгі әлеуметтік институттардың басты міндеті болып табылады.

2.3.3. Жастар арасындағы физикалық күш көрсету мәселесі

Жастар арасында зорлық-зомбылық мәселелері олардың жасерекшелік, психологиялық ерекшеліктеріне байланысты. Жастар арасындағы зорлық-зомбылық тек құрбан болғандарға ғана емес, олардың отбасыларына, достарына және бүкіл қоғамға зиянын тигізеді. Зорлық-зомбылықтың салдары тек өлімнің, жарақат алудың және жарақаттардың санымен ғана емес, сонымен қатар зардап шеккендердің өмір сүру сапасының төмендеуімен өлшенеді. Жастар арасындағы зорлық-зомбылық мәселелерін басқа мәселелік мінез-құлық түрлерінен бөліп қарастыруға болмайды.

Осы әлеуметтанулық сауалнама барысында жас алматылықтарға соңғы үш айда өздерінің құрдастарына қарсы жасалған физикалық немесе басқа да зорлық-зомбылық түрлеріне куәгер болғандығы жайлы сұрақ қойылды. Сауалнама барысында келесідей жауаптар топтастырылды: сұралған жастардың басым көпшілігі (76,2 %) ондай жағдайға куә болмағандығын, ал респонденттердің 17 % кейде осындай жағдайларға тап болатындығы жайлы мәлімдеді, 3,2 % осындай әрекеттерге жиі куә болатындығын мәлімдеді.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, дене және басқа да зорлық-зомбылық әрекеттері балалар мен жасөспірімдер арасында жиірек кездеседі, бұл олардың белсендірек мінез-құлығымен түсіндіріледі (14-кесте).

Гендерден басқа, жасқа байланысты да өзара арақатынас анықталған (12-сурет). Суретте 14-18 жас аралығындағы жастар физикалық немесе басқа да зорлық-зомбылықтардың түрлеріне басқаларға қарағанда көп жағдайда куәгер (мүмкін, құрбандары) болып табылатыны айқын көрініс тауып тұр. Респонденттердің жасын ескере отырып, олардың басым көпшілігі мектеп оқушылары мен колледж оқушылары екендігін аңғаруға болады. Бұл жас кезеңі жасөспірімдерде кездесетін кейбір физиологиялық, психологиялық және әлеуметтік өзгерістерге байланысты өтпелі кезең деп сипатталады. Осы жас мөлшеріндегі жастар басқа жастағы адамдарға қарағанда маргиналдану мен девианттық мінез-құлыққа жиірек душар болады.


14- кесте

Сұрақ бойынша жауаптар: «Соңғы үш айда Сіз қанишалықты жиі құрдастарыңызға, сыныптастарыңызға, достарыңызға қатысты жасалған физикалық немесе басқа озбырлықтың куәгері болдыңыз?» (жынысы бойынша, %)

Жауаптар нұсқасы	ерлер	әйелдер
Жиі	5,3	1,5
Кейде	21,5	13,2
Ешқашан	69,3	82,
Жауап беруге қиналамын	3,9	3,3

12-сурет

Сұрақ бойынша жауаптар: «Соңғы үш айда Сіз қанишалықты жиі құрдастарыңызға, сыныптастарыңызға, достарыңызға қатысты жасалған физикалық немесе басқа озбырлықтың куәгері болдыңыз?» (Жас топтары бойынша, %)



Көбінесе, зорлық-зомбылық (физикалық немесе басқа) жақын қарым-қатынас шеңберінде жасалды: құрдастар (50 % жағдайда), 13,2 % сыныптастар, 10,4% ата-аналарды атап өтті. Респонденттердің 7,5% жүргіншілер тарапынан болған зорлық-зомбылық әрекеттеріне куә болғанын атап өтті. Мұғалімдер тарапынан 5,7%. Осылайша, жастар арасында зорлық-зомбылық әрекеттер көбінесе таныстарымен және құрдастарының қатысуымен жасалады.

Жастардың қылмысқа төмен материалды жағдайға байланысты баратындығы жайлы қоғамда жиі айтылатын пікір бар. Осы көзқарасты тексеру мақсатында біз зерттеу жұмысымыздың құралына келесідей сұрақты қостық: "Сіздің ойыңызша жастардың төмен табысы қылмысқа себеп бола алады ма?". Бұл мәлімдемеге келіскен респонденттердің жиынтық саны 79,8% -ды құрады (төмен қаржылық жағдайдың қылмыстық деңгеймен тығыз байланысты екенін (40,2%) және басқа себептердің де бар екендігін алға тарта отырып келіскендердің санын (39,6%) қоса есептегенде) 19,4% бұл көзқараспен келіспейді, жастардың төмен қаржылық жағдайы қылмыстылыққа бейімділікпен байланысты болмайды дейді (жалпы жауапты есептегенде « Жоқ, аз табыс қылмыс жасауға себеп болуы мүмкін емес » - 15,4% «жастардың қаржылық жағдайының төмен болуы қылмыскерлікке тіпті ешқандай да қатысы жоқ» - 4,0%).

Табыс пен жоқтылықтың арақатынас анализі барысында, көбіне материалды тұрғыдан қамтамасыз етілмеген тұлғалардың бұл мәлімдемемен келіскені анықталды. Бұл тұрғыда жоқтылық әлеуметтік теңсіздіктің қосымша көрінісі ретінде, ал қылмыс оның алдын алудың жолы ретінде көрініс табады. Қылмыс жасауға себеп ретінде тамаққа, киімге, ойын сауыққа деген құмарлықты қанағаттандыру. Қылмыс жасауға итермелеуші негізгі себеп, ол адамның тамаққа, киімге, ойын-сауыққа деген алғашқы қажеттіліктерін қанағаттандыруы болып табылады. Бірақ та ескере кететін жайт ол жасөспірімдердің материалды тұрғыда толыққанды қамтылуы олардың толықтай заңға бағынатын тұлға болатындығына кепіл бермейді, себебі толық қамтылған жанұялардағы балалар да құқық бұзушы әрекеттер жасауы мүмкін, бірақ та соңғы келтірілген жағдайда бұл қылмыстар көбіне моральдық тұрғыдағы ақауларды бейнелейді.


2.3.4. Жастар арасындағы өз-өзіне қол жұмсау

Қазақстандық қоғамдағы ең өткір мәселелердің бірі - халықтың өлімінің жоғары деңгейі. Адам өлтіру, суицид, улану, жарақат алу, жол-көлік оқиғалары мен басқа да апаттарды қоса алғанда, сыртқы (табиғи емес) себептерден болатын өлімнің жоғары деңгейі ерекше алаңдаушылық туғызады. Халықтың табиғи емес себептерден көп қаза табуы Қазақстанның статистикасының ерекшелігіне айналды. Халық арасында өлім көрсеткішінің өсу себептерінің бірі ол суицид. Осыған орай, жастардың өз-өзіне қол жұмсау мәселесіне қатысты көзқарастары мен көзқарастарын зерттеу өте маңызды болып табылады.

Осы мақсатта респонденттерге келесідей сұрақ қойылды: «Сіздің пікіріңізше, өз-өзіне қол жұмсау мәселесі Алматы жастары үшін өзекті болып табылады ма?». Респонденттердің жауаптары келесідей болды. Респонденттердің жартысы бұл мәселенің бар екендігіне келіседі, бірақ та бұл мәселеге тым жоғары назар аударылатынын, шын мәнінде бұл өте маңызды мәселе емес екендігін алға тартты (50,6%). Респонденттердің үштен бір бөлігі (29,4%) Алматы қаласының жастары үшін бұл мәселенің өте өзекті екендігін атап көрсетті. Респонденттердің 12,4% өзін-өзі өлтіру мәселесі қаланың жастарына мүлде қатысы жоқ деп есептейді. Респонденттердің 7,6% жауап беруге қиыналды (15-сурет).

15-сурет

Сұрақ: «Сіздің пікіріңізше, өз-өзіне қол жұмсау мәселесі Алматы жастары үшін өзекті болып табылады ма?» (%)



Жасөспірімдер арасындағы өз-өзіне қол жұмсау мәселесіне жас жігіттермен салыстырғанда (25,4%) жас әйелдер (32,7%) көбірек алаңдаушылық танытады.

Жас топтарына қарай жастардың арасында суицид мәселесінің өзектілігін бағалау 14-кестеде келтірілген.

Сұрақ бойынша жауаптар: «Сіздің пікіріңізше, өз-өзіне қол жұмсау мәселесі Алматы жастары үшін өзекті болып табылады ма?», (жасына байланысты топтар бойынша,%)

Жауап нұсқалары	14-18 жас	19-23 жас	24-29 жас
Ия, бұл мәселе біздің қала жастарына қатысты өте маңызды	25,2	32,6	29,3
Бұл мәселе бар, бірақ та қатты маңызды емес	57,3	49,6	48,4
Өзін-өзі өлтіру мәселесінің жастарға мүлдем қатысы жоқ	10,7	13,5	12,5
Жауап беруге қиналамын	6,8	4,3	9,8

14-кестеде келтірілген мәліметтерге сәйкес 19-23 жастағы орташа жас тобындағы респонденттер жастар арасындағы өз-өзіне қол жұмсау мәселесіне қатты алаңдайды, ал респонденттердің үштен бірі (32,6%) Алматы қаласының жастарына осы мәселенің өзектілігін атап өтті. Кіші жастағы респонденттер мәселенің бар екендігіне келіседі, бірақ та олардың көпшілігі оны өткір мәселе деп есептемейді (57,3%).

Жастар арасында өзін-өзі өлтіру мәселесін неғұрлым нақты бағалау үшін сауалнамада респонденттің жеке басына қатысты сұрақ қосылды, ол бойынша респонденттің жауабы өзінің жағдайына қатысты болды. Сауалнамаға қатысушылардың келесідей сұраққа жауап беруін сұрадық: «Сіздің туыстарыңыздың немесе таныс жас адамдарыңыздың ішінде бұрында өз-өзіне қол жұмсау әрекеттерін жасағандар бар ма?». Сұрақ өте сыпайы және күрделі қойылды, бірақ та Алматы қаласында өзін-өзі өлтіру жағдайын бағалау үшін қажет болды. Респонденттердің 59% мұндай жағдайлар туралы ешқашан естіген жоқ екендігін айтты. Респонденттердің үштен бір бөлігі (30,4%) «мұндай істер туралы естіген, бірақ олар бөтен адамдарға, бейтаныс адамдарға қатысты» деп жауап берді. 8% мұндай жағдайлардың жақын адамдармен болғанын атап өтті.

Өз-өзіне қол жұмсау оқиғаларын бағалау жағдайында да, респонденттердің 19-23 жас аралығындағы жауабы көрсетілген. Дәл осы жас тобында өз-өзіне қол жұмсамақшы болған жақын адамдары, таныстары бар ма деген сұраққа оң жауап қатқан (12,1 %). Жастардың дәл осы санаты өзіне-өзі қол жұмсаудың жоғары деңгейдегі аймағында болып табылады.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің (2017) ресми мәліметтері бойынша, Алматы қаласы елімізде өзіне-өзі қол жұмсау бойынша 14-28 жас (қоса алғанда) аралығында 65 өзіне-өзіне қол жұмсау жағдайы тіркеліп елімізде 5


орынға ие болып тұр. 65 жағдайдың 45-і 18-24 жас аралығындағы жас тобына тиесілі.

Осы сұрақты респонденттердің табысымен байланыстырғанда әр бір бесінші жағдайы өте төмен респондент өзінің таныстарының арасында өзін өлтірмекші болған таныс адамдары бар екендігін айтты.

Ресми органдардың мәліметтері бойынша, көптеген жағдайларда жастардың өз-өзіне қол жұмсау факторлары анықталмай қалады. Жастар арасында өз-өзіне қол жұмсауға не себеп болуы мүмкін? Бұл факторларды анықтау маңызды міндет болып табылады, оның шешімі жастар арасында өзін-өзі өлтірудің алдын алу бойынша жұмысты ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Осылайша, респонденттердің пікірінше, жастардың арасында өзіне-өзі қол жұмсаудың негізгі себептері 16-суретте келтірілген.

16-сурет

Сұрақ бойынша жауаптар: «Сіз қалай ойлайсыз, жастар арасында өз-өзіне қол жұмсау әрекеттерін жасаудың себебі не болуы мүмкін?», (%)



Респонденттердің 42,8 % жастар арасында өз-өзіне қол жұмсаудың негізгі себебі- жастардың депрессиялы ахуалда болуында деп жауап берді. Респонденттердің үштен бірі өз-өзіне қол жұмсау себептері негізінен жастардың өмір сүру деңгейінің төменділігіне (34,2 %) байланысты деп санайды. Респонденттердің тағы да сонша дерлігі 33,4 % ның ойынша жастардың өздеріне қол жұмсауға себеп ретінде олар жастардың ата-

аналарымен, жанұя мүшелерімен болатын ұрыс жанжал деп есептейді. Респонденттердің 31 % оның себебін жауапсыз махаббатпен байланыстырды. Респонденттердің жас топтарындағы жауабы 17-суретте келтірілген.

17-сурет

Сұрақ бойынша жауаптар: «Сіз қалай ойлайсыз, жастар арасында өз-өзіне қол жұмсау әрекеттерін жасаудың себебі не болуы мүмкін?», (жас топтары бойынша,%)



Жалпы алғанда, 17-суретте ұсынылған деректерден көріп отырғанымыздай, жастардың өзіне-өзі қол жұмсауының негізгі себептері екі үлкен топқа біріктірілуі мүмкін. Бірінші топ негізінен жас ерекшеліктеріне байланысты жиі көңіл-күйдің өзгеруіне, депрессияға, жауапсыз махаббаттың әсерінен күйзеліске түсуіге, жанжалды жағдайларды ауыр өткеріп, есірткіге

(алкогольге) тәуелділікке бейім болған психологиялық, эмоционалдық мәселелерімен байланысты.

Себептердің екінші тобы экономикалық негізге ие және жас адамдардың материалдық қиындықтарымен (кедейшілік, жұмыссыздық, отбасын асырай алмау) байланысты.

Осы және басқа да себептер әлеуметтік негізге ие және қоғам мен мемлекет тарапынан назар аударуды қажет етеді. Қандай әлеуметтік институттармен немесе агенттермен өзара әрекеттесуге болатындығын біле отырып әр түрлі жас топтарындағы жастармен жұмыс жасау жолдарын саралау қажет. Бұл мәселені шешудің ең жақсы жолы бұл алдын алу шараларын ұйымдастыру. 2012-2013 жж. Қазақстан Республикасындағы ЮНИСЕФ қорының зерттеуінде негізгі жұмыс өз-өзіне қол жұмсаудың терең себептері мен қауіп факторларын анықтау және өз-өзіне қол жұмсаудан қорғау үшін өмірді сақтай алатын суицид ниетін ерте анықтаудың тиімді жүйесін құру қарастырылды.

2.4. Жастардың бос уақытын өткізуі және жастар субмәдениеттеріне кіруі

2.4.1. Бос уақытты өткізу тәжірибесі

Бос уақыт пен демалыс - күнделікті адам қызметінің ең қарқынды дамып келе жатқан салаларының бірі және өзін қалыптастырудың маңызды үлгісі. Қазіргі заманғы бос уақыт, бұрынғыдай, жұмыс істеу үшін «қосымша» емес, ең алдымен, одан демалуды білдіреді. Өзіндік бағалы және өзін-өзі қамтамасыз ете алатын сипаттағы демалыс тәуелсіз айнымалыға айналды, бұл бүгінгі күні қала халқының, әсіресе, жастардың өмір сүру деңгейі мен өмір сүру сапасын айтарлықтай ерекшелендіретін көрсеткіш.

Халықтың демалыс пен бос уақыттың сапасына қанағаттануы, толық әлеуметтік және мәдени өмірдің қолжетімділігі халықтың ұстанымымен әлеуметтік әл-ауқатының маңызды көрсеткіші болып табылады, дүниетануға елеулі әсер етеді және өмір жолын қалыптастырады.

Бос уақыт - экономиканың негізгі салаларының бірі ретінде көрініс табады, инвестициялар және пайда саласы. Осы үдерістер қазіргі уақытта тез дамып келе жатқандықтан, елдің тұрғындары мәдени қызмет көрсетуді тұтыну саласында әртүрлі мүмкіндіктер мен мүмкіншіліктерге ие деп болжауға болады.

Жас алматылықтардың бос уақыты нақты қандай жағдайда? Бұл салада олардың нақты мүмкіндіктері қандай? Алматыдағы жастардың бос уақыттағы тәжірибесі қандай?

Әлеуметтанулық сауалнама нәтижелері көрсеткендей, ұнамды рухани даму мен бос уақытты өткізу жас алматылықтардың қалыптасқан дәстүрлері

мен әдеттерімен сондай-ақ, мегаполистің дамуына орай жаңа пайда болған мүмкіндіктермен де тығыз байланысты. Сонымен қатар, бос уақытты өткізудің ерекшеліктерін айқындайтын негізгі типология факторы, бірінші кезекте, жас азаматтардың бос уақытты өткізу саласындағы мүдделерінің басты бағыты болып табылады. Сонымен қатар, бос уақытты өткізудің ерекшеліктерін айқындайтын негізгі фактор ретінде, бірінші кезекте, жас азаматтардың бос уақытты өткізу саласындағы басты мүддесі айтылады. Мұндай бағдар көбінесе жас Алматы тұрғындарының бос уақытын - үйде немесе сыртқы ортада, отбасымен немесе отбасыдан тыс жерде, бар мүмкіндіктерді пассивті тұтынуына немесе өздері қалаған демалыс түрлерін белсенді қолданына байланысты.

Ең кең көлемде таралған ешқандай қосымша шығынды қажет етпейтін, айналада ешкіммен арласпай және үй ішінде демалысты түрлендіруге тырыспай демалу- демалыстың ең қарапайым үйдегі түрі (отбасы ішінде). Отбасы ішіндегі бос уақытты өткізуді түрлендіріп, демалысқа белсенділік беретін достармен, таныстармен кездесу жастардың бос уақытын байытады. Бірақ та оған қарамастан демалысты белсенді емес өткізу қаттырақ қалыптасқан. Таң қаларлығы жоқ, бірақ та дәл осылай демалысын өткізетіндер Алматы жастарының арасында жиі кездесті: «үйде отбасыммен бірге» деген нұсқаны 54,2 % адам таңдады, ал достарыммен кездесемін деген нұсқаны – 47,2 % адам таңдады.

Жас респонденттердің үштен бірі бос уақытында отбасымен, жақындарымен (34,6%) табиғат аясында саяхаттауды мақұл көретіндерін атап өтті. Сауалнамаға қатысқандардың үштен бір бөлігі (31,2%) уақытты онлайн режимінде өткізетінін айтты. 22,2 % «әуендер тыңдайды», 16,8 % теледидар мен бейнероликтер қарайтынын атап өтті.

Көріп отырғанымыздай, жас респонденттердің басым бөлігі негізінен бос уақытты үйде өткізудің қарапайым және дәстүрлі түрлерін пайдаланады. Үйден тыс қоғаммен араласу өмірдің жоғары сапасының маңызды шарты, бос уақыттың барынша толық және әмбебаптығының белгісі, үйден тыс мәдени, ойын-сауық, әлеуметтік және өзге де іс-шаралармен бос уақытты толтырғанда ғана өмір сапасының жоғары болуының шарты орындалады. Дәл осы заттар адамның әлеуметтік өміріне барынша толық мән беріп, өмірінің осы саласының аясында қанағаттанушылық сезінеді. Сондықтан демалыстың «белсенді» түрі кез келген қоғамда әлеуметтік тұрғыда тартымды.

Алынған мәліметтерге сәйкес осы секілді бос уақытты ұйымдастыру Алматы жастарының арасында айтарлықтай кең таралмаған: «оқиды, сызады, әуенмен айналысады» - 14 %, «спорттық үйірмелерге барады, спортпен айналысады» - 12,6 %, «кинотеатрларға барады» - 8 %, «операға, театрға, концерттерге барады» - 3 %. Соған қоса «компьютер ойындарын ойнаймын» деген нұсқаны 9,4 % жас респонденттер таңдады.

Сұрақ бойынша жауаптар: «Айтыңызшы, бос уақытыңызды әдетте қалай өткізесіз?» деген (%).

Жауап нұсқалары	%
Үйде, отбасыммен бірге	54,2
Достарыммен, таныстарыммен кездесемін	47,2
Жанұям және жақындарыммен табиғат аясына шығамын	34,6
Интернет желісінде, әлеуметтік желілерде әңгімелесемін	31,2
Әуен тыңдаймын	22,2
Теледидар, бейнероликтер көремін	16,8
Оқимын, сызамын, музыкамен айналысамын	14,0
Спорттық үйірмелерге барамын, спортпен айналысамын	12,6
Компьютер ойындарын ойнаймын	9,4
Кинотеатрға барамын	8,0
Қосымша табыс табамын	6,4
Тіл үйірмелеріне барамын	4,2
Ештеңе жасамаймын, жай дем аламын	3,4
Театр, опера, концерттерге барамын	3,0
Мешітке/шіркеуге барамын	1,8

Сауалнамада бос уақытты өткізуге қатысты ұсынылған нұсқалар ішінде респонденттер көбіне «бос уақытты үйде өткіземін» деген нұсқаны таңдады – 54,2 %. Егер бұл нұсқаны таңдаған респонденттерді отбасылық жағдайына және білім деңгейіне қарап бағаласақ, мұндай демалыстың түрі отбасылы респонденттерге тән – 68,9 % және үлкен жастағы топтар (24-29 жас) – 59 %.

Респонденттердің 41,8 % - ы бос уақытында қоғамдық орындарға жататын кинотеатр, театр, концерттерге барады және спортпен айналысады. Корреляциялық үлестірулердің талдауы көрсеткендей, бос уақыттың бұл түрін жас және орта жастағы оқып, жұмыс істейтін бойдақ респонденттер ұнатады.

Алғашқы деректерді талдау көрсеткендей, жас жігіттер үшін бос уақытты ұйымдастырудың ең танымал түрі спорт үйірмелеріне бару, спортпен айналысу болып табылады(19,3%). Жас әйелдер үшін әуенмен айналысу қызықтырақ.

Алматы қаласының жас тұрғындарының демалыс уақытының сапа мәселесі тек қана олардың мүмкіндігіне ғана емес, соған қоса олардың таңдауына да байланысты. Толықтай белсенді демалысқа қол жеткізе алмайтын Алматы жастарының бөлігін оларды осы жағдайға қанағаттанбайды деп түбегейлі айтуға болмайды. Көпшілік өзінде барға қанағат етуі мүмкін, мұның барлығы мегаполис жастарының бос уақытты өткізуге деген қалауларының кеңдігі мен мазмұндылығына байланысты. Алматы жастарының қызығушылықтарын қалыптастырып, жүйелендіретін кем дегенде бос уақытты ұйымдастырудың үш үлгісін айтуға болады, тиісінше бұл, бос уақытты белсенді ұйымдастыруға әсер етеді.

Алғашқы модель күнделікті қызығушылықтардың үлгісі болып табылады, ол бос уақытты әдеттегі, жалпыға қол жетімді нысандармен тікелей байланысты адамдардың қалауларын құрастырады.

Екінші үлгі қарапайым қалауларға қарағанда интеллектуалды қалауларды құрастырады. Бұл үлгіні ұстанушылар алдыңғы топтағы секілді дәстүрлі талғаммен ортақтаса алады (немесе ортақтаспайды). Алайда олардың рухани талаптары әлдеқайда кең. Олардың қызығушылықтарының міндетті құрауыштары - ән сабақтары, оқу, театрларға баруға бағыт алу, мұражайларға бару және т.б. , сондай-ақ өздігінен білім алу, өздерінің зияткерлік әлеуетін арттыру болып табылады.

Үшінші үлгі салыстырмалы түрде жақында пайда болды және негізінен қазіргі заманғы технологиялармен және ғаламтормен байланысты. Осы мінез-кұлық стратегиясының заманауи жастарға тән екеніне қарамастан, оның шектеулілігін атап өту қажет. Ең алдымен, бұл үлгі онлайн уақыт өткізумен байланысты. Бұл жағдайда бос уақытты өткізудің осы түрінің пайдасы мен зиянын білу қажет және тәуекелдер әлі толықтай зерттелмегенін түсіну қажет.

Әлеуметтанушылар үшін өзара қарым-қатынас мәселесі әрқашан басты тақырыптардың бірі болды. Себебі, кез келген әлеуметтік құрылымда қарым-қатынас байланыстырушы буын болып табылады. Бұл әсіресе жастар ортасына тән. Заманауи жастар қаншалықты жасқаншақ емес және басқалармен қарым қатынасқа түсуге қаншалықты дайын? «Сіздің достарыңыз көп па?» деген сұраққа сұралғандардың жартысы дерлік (48,4 %) оң жауап берді, 42,4 % «менде 1-2 жақын достарым/құрбыларым бар, қалғандары жай таныстар» деп жауап берді, 7,2 % «жақын достарым жоқ, таныстарым көп» деп, респонденттердің 1,6 % дострының жоқ екендігін айтты.

Көптеген достары бар екенін айтқандардың арасында: ерлер (53,9%), респонденттер 14-18 жас (62,1%), студенттер немесе оқушылар (60,7%), табыстарының деңгейі жоғары респонденттер (66, 7%) отбасысы жоқтар (53,5%).

Достары жоқ респонденттер әдетте төмен табысты, төмен әлеуметтік мәртебелі болып сипатталады (NEET санатындағы жастар). Пессимистік ойлар мен пессимистік көңіл-күй осы жастар санатына тән.

2.4.2. Жастар субмәдениеттеріндегі мүшелік

Жастар мен жасөспірімдер қоршаған ортаны өздігінше қабылдайды. Әлеуметтік топ ретінде жастардың ерекшелігі өмірдің барлық салаларына маргиналды (аралық) жағдайдағы қатынасында. Бұдан бөлек, жас индивидтер өзін-өзі тану үдерісінен өтеді, әлеуметтік объекіден әлеуметтік субъектіге ауысады. Есею барысы көбінесе өзін-өзі танудың белгілі бір дағдарысымен бірге жүреді, бұл «басқаларға ұқсамауға» талпыныс ретінде көрініс табады. Жастар осы уақытта «мәдени» қудалануды, субмәдениеттерге қатысу арқылы жеңеді.


Субмәдениет (лат. Sub - төменгі және cultura – мәдениет; астыңғы мәдениет) - бұл қоғам мәдениетінің бөлігі болып табылады, өзінің мінез-құлығымен өктем болып тұрған көпшіліктен ерекшеленетін, сондай-ақ осы мәдениет иелерінің әлеуметтік топтарынан тұрады. Жастар мен жасөспірімдер үшін мұндай топтарға тиесілі болу өте тартымды, себебі жастар отбасының тұйық әлеуметтік ұяшығынан шыққан соң ол заманауи әлемде сөссіз әлеуметтік вакуумға түседі. Өзіне ұқсас адамдарға қосылу әлеуметтік вакуумды толтырудың ең қарапайым жолы болып табылады. Жүргізілген зерттеу аясында жасөспірімдердің субмәдениеті мегаполисте қаншалықты таралғандығын түсіну маңызды болды. Респонденттердің жартысынан астамы қарым-қатынас шеңберінде субмәдениет өкілдерінің жоқ екенін атап өтті. Респонденттердің үштен бірі (29,4%) өздерінің достары, таныстарының арасында, жастар субмәдениетінің өкілдері бар екендігін айтты (18-сурет).

Респонденттердің гендерлік сәйкестілігімен ара қатынасы, жастар арасында ерлердің субмәдениетке қатысуы қыздарға қарағанда жиі кездесетіндігін көрсетті. «Достарыңыз бен таныстарыңыз арасында жастар субмәдениетінің өкілдері бар ма?» деген сұраққа ерлердің үштен бірі оң жауап берді. Оң жауап берген жас қыздардың саны 25,7 % құрады.

Респонденттің жасына байланысты осы мәселенің өзара қатынасы 14-18 жас аралығындағы респонденттердің (51,5%) жиі жастар субмәдениетнің өкілдерімен араласатындығын көрсетті (16-кесте).

18-сурет

Сұрақ бойынша жауаптар: «Достарыңыз бен таныстарыңыз арасында жастар субмәдениетінің өкілдері бар ма?», (%)



16-кесте

Сұрақ бойынша жауаптар: «Достарыңыз бен таныстарыңыз арасында жастар субмәдениетінің өкілдері бар ма?», (%)

Жауап нұсқасы	14-18 жас	19-23 жас	24-29 жас
Ия	51,5	29,1	20,7
Жоқ	45,6	70,2	76,6

Жауап беруге қиналамын	2,9	0,7	2,7
------------------------	-----	-----	-----

Әлеуметтанулық сауалнаманың нәтижелері көрсеткендей Алматы қаласында таралған жастардың бейресми бірлестіктерінің көп бөлігін спорт, ән, эстетикалық бағыттағы бірлестіктер құрайды. Респонденттер өздерінің көбіне футбол фанаттары субмәдениетіне, аниме (4 %), ойыншылар, хип-хоп (3,4 % дан), рэперлер (2,2 %) және тағы да басқа субмәдениеттерге қатысты екенін атап өтті (17-кесте).

17-кесте

Сұрақ бойынша жауаптар: «Сіз қазіргі уақытта қандай да бір субмәдениеттің өкілі болып табыласыз ба?», (%)

Жауап нұсқалары	%	Жауап нұсқалары	%
Жоқ, мен ешқандай субмәдениеттің өкілі емеспін	81	К-попшы	0,6
Футбол фанаттары	6,2	Эмо	0,4
Аниме	4	Готтар	0,4
Ойыншылар	3,4	Хипстерлер	0,4
Хип-хоп	3,4	Бэмерлер	0,4
Рэперлер	2,2	Панкилер	0,4
Рокерлер	1,8	Автошабандоздар	0,4
Брейк-данс	1,8	Бардтар	0,2
Паркур	1,4	Воркаутшылар	0,2
Граффити	0,8	Ройлерлер	0,2
Байкерлер	0,8	СӨС	0,2
Сәнқой	0,6	Жауап беруге қиналамын	0,4

Алматы қаласындағы субмәдениеттің нақты мүшелерінің саны шамалы ғана екендігін атап өткен жөн, барлық ұсынылған топтар үшін осы субмәдениеттің белсенді мүшелерінің үлесі 6,5% -дан аспады.

Жастар субмәдениетіне тиесілік жастардың кіші (14-18 жас) бөлігіне көбірек тән. Жасөспірімдік жас ол - тұлғаның қалыптасу кезеңі. Өмірдің бұл кезеңі жасөспірімге құрдастарымен қарым-қатынас жасау мүмкіндігі қажет екендігімен бейнеленеді, құрадастар тобы ол үшін болашақ өмір үлгісін ғана емес, сонымен бірге өмірдің өзін де көрсетеді. Жасөспірімдер тобы өз құрамындағы жеке мүшелерінің тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуында маңызды рөл атқарып, жасөспірімнің мінез-құлығының реттеуші болуы мүмкін. Демек осы жасөспірім кезеңде балалардың мінез-құлығына ерекше назар аудару қажет болған кезде, балаларда ең маңызды ішкі, рухани өзгерістер жүреді. Әдетте, көптеген жасөспірімдер қоғамның назарын аударуға тырысып, өзін-өзі көрсету мақсатында осы немесе басқа субкультураға қосылады.

2.4.3. Жастардың субмәдениеттерге кіру себептері және жастар субмәдениетінің мүшелеріне теріс қарым-қатынас

Жастар мәдениеті жас ұрпақтың өзін-өзі тану және балама әлеуметтендіру аймағы болып табылады. Жастар тек қана әлеуметтік қызметтің объектісі емес субъектісі ретінде де көрініс табады. Жастардың қалыптасу процесі жиі ересектер мен құрдастары тарапынан түсінбеушілікке тап болғандықтан, жиі орынсыз өтеді. Бұл жағдайда жастардың субмәдениетке тиесілі болуы оларға «қалқан» (қорғаныс) болып табылады. Бұл қоғамдастықтың жастар үшін маңыздылығы олардың жынысына, жас ерекшелігіне қарай өзгереді.

Әлеуметтанулық сауалнама барысында алынған деректерге сәйкес, жас алматылықтардың 68,1% субмәдениетке мүше болуы, олар үшін ермек іспеттес, яғни субмәдениеттегі мүшелік адамдар үшін қатты маңызды рөлге ие емес. Олардың 12,8% үшін субмәдениетке мүше болу «өте маңызды, өмірдің барлық мәні» екенін атап өтті. Бұл көзқарас кіші жас топтарының респонденттеріне (17,5%), табысы төмен респонденттерге (25%) көбірек тән. Зерттеушілердің, әлеуметтік психологтардың және тәрбиешілердің басты назары жастардың осы санатына аударылуы қажет, себебі осы санаттағы жастарға субмәдениеттерге мүше болудың маңызы өте жоғары. Дәл осындай жастар қалада құрылымдық және деструктивті девиантты іс-әрекеттер жасайтын субъектіге айналуы мүмкін. Егерде біз субмәдениеттің белсенді мүшелернің психологиялық мәселелерін, ата-анасы және айналадағы адамдармен қақтығысын есепке алар болсақ.

Жас алматылықтардың 8,5% субмәдениеттегі мүшелік «жастар арасында сәнді» деп санайды. Көбінесе, бұл көзқарасты әлі күнге дейін оқитын респонденттер білдірді. Олар үшін субмәдениеттегі мүшелік - достарының алдында өздерінің абыройын арттыру мен өздерінің орнын бекітуге деген мүмкіншілік. 7,4% «уақытты өлтіру» үшін субмәдениетке қосылғандарын мойындады. Респонденттердің бұл санатына орта және үлкен жастағы кіші топтар (19-23 жас және 24-29 жас) жатады, олар үшін субкультураға қатысу өмір мен бос уақытты әртараптандыруға көмектеседі. Алматылық жастардың бейресми топтарға бірігуіне себептеріне келетін болсақ, оны жастардың басым бөлігі әуесқойлық пен қызығушылықтан (40%) деп түсіндіреді. Респонденттердің үштен бірінен аз бөлігі (34,6%) жастардың өздерін жеке тұлға ретінде танытып, өздерінің таланттарын ашуы үшін субмәдениетке кірігетінін атап көрсетті. Әр бір бесінші адам субмәдениеттің өкілі болу сәнді (23,4 %) деп есептейді. Респонденттердің пікірінше, қоғамнан ерекшелену және қалыптастасқан заттарға қарсы шығу жастардың субмәдениетке кірігуіне әсерін тигізетін тағы екі себеп деген ойда (18,8% және 18%). (18-кесте).

18- кесте

Сұрақ бойынша жауаптар: «Сіз қалай ойлайсыз, нәліктен жастар субмәдениетке кірігеді?», (%)

Жауап нұсқалары	%
Әуесқойлық және қызығушылықтан	40,0
Өзін жеке тұлға ретінде дамыту, өзінің шығармашылық таланттарын ашу	34,6

Жастар субмәдениетінің өкілі болу сәнді болып келеді	23,4
Қоғамнан ерекшелену, жалпы барлығының назарын аударту үшін	18,8
Өзінің қоғамдағы стандарттарға қарсы наразылығын көрсету үшін	18,0
Жақындармен және достармен сөлейсу қиындықтарынан, олардың тарапынан түсінбеушіліктен	13,4
Жауап беруге қиналамын	7,0

Жастар субмәдениеті біршама жаңа түсінік болып табылады. «Маргиналдылық» термині сияқты, «субмәдениеттер» термині халық арасында көбіне құндылығы бейтарап түсінік болғанымен дұрыс емес, теріс мағынада түсіндіріледі. Соған қарамастан, қоғамда жасөспірімдердің субмәдениеттерінің таралуына қатысты алаңдаушылық бар, тұрғындар субмәдениет өкілдерімен қарым-қатынастан аулақ болуға тырысады. Осы және басқа көріністер, тұрғындардың басым көпшіліктен ерекшеленетін бейресми жастарға деген көзқарасын көрсетеді. Тұрғындар жастардың субмәдениетінің қыр-сырын білмей тұрып мұндай топтағы жастармен қарым қатынас жасай алмағандықтан немесе жасағысы келмегендіктен қоғамда ұрыс-жанжалға әкеліп соғуы мүмкін. Неліктен адамдар бейресми мәдениеттің мүшелерінен сақтанады және олармен қарым-қатынастан жасаудан аулақ болуға тырысады? (19-кесте).

19-кесте

Сұрақ бойынша жауаптар: «Неліктен адамдар бейресми мәдениеттің мүшелерінен сақтанады және олармен қарым-қатынастан жасаудан аулақ болуға тырысады?», (%)».

Жауап нұсқалары	%
Барлығы, қоғамдағы қалыптасқан стандарттар мен нормалардан ерекшеленетін барлық нәрсе қорқыныш пен үрей тудырады	24,4
Шамданған және қалыпты емес түр келбеттері қағажытады	21,4
Біздің қоғам жаңа заттарды қиын қабылдайды	17,8
Адамдар басқа субмәдениет өкілдеріне байсалдылықпен, түсіністікпен қабылдайды	16,0
Жастардың бейресми топтары нашакорлықпен, ішкілікке салынумен байланыстырылады	16,0
Жауап беруге қиналамын	4,0

19-кестеде келтірілген мәліметтерден көріп отырғанымыздай, респонденттердің төрттен бір бөлігі (24,4%) халық жастар субмәдениетін қабылдамайды деп сенеді, себебі олар қоғамдағы нормалар мен стандарттардан ерекшеленеді. Әрбір бесінші респондент бейресми жастардың (21,4%) шамданған және қалыпты емес түр келбеттері халықты қағажытады деп есептейді. Респонденттердің 17,8% мәселе қоғамның өзінде, қоғам жаңа нәрселерді қиын қабылдайды деген ойда (17,8%). Респонденттердің тек 16 % халықтың және жастар субмәдениеттері өкілдерінің өзара әрекеттестіктерінде

ешқандай мәселелерді көрмейтіндігін атап өтті. Тағы да сонша адамның пікірінше (16 %) оларды қоғамның қабылдауы "жастардың бейресми топтары нашақорлықпен, ішкілікке салынумен байланыстырылады" деген ойда.

Көріп отырғанымыздай, бейресми жастарға қатысты халықтың қорқынышының негізгі себептері оның дәстүрлі табиғатында жатыр және ешқандай айтарлықтай негізді себептері жоқ. Жастардың субмәдениеті негізінен көпшіліктен ерекшеленгендіктен қорқыныш тудырады. Соған қарамастан біз бұны теріс жауап ретінде бағаламайтын едік. Халықтың санасында девиантты және деликвентті (қылмыс) мінез-құлығы бар жастардың субмәдениетіне айқын қарсылықтың жоқтығы дерек ретінде оң бағалануы қажет. Мүмкін, уақыт өте халық, субмәдениетке қатысу бұл жастардың "үлкен өмір ойыны" арқылы өмірлік жағдайға іспеттес жағдайлар құрастырып, ол жерде өзін-өзі ұстауға үйренетінін түсінер.

Осылайша, Алматы қаласында жастардың жастар субмәдениетіне қатысу деңгейін талдау бұл құбылыстың мегаполисте жиі кездеспейтінін көрсетті. Жасөспірімдер субмәдениетінің өкілдері деликвентті (қылмыстық) дағдыларды қалыптастырмайды. Жастар субмәдениеті негізінен спорттық, музыкалық және эстетикалық бағытта жұмыс жасайды. Жастардың субмәдениетке қосылуының негізгі себептері - олардың өз қызығушылықтары мен өмірін әртүрлендіру болып табылады. Осы зерттеу контекстінде жастардың субмәдениеттегі мүшелігі жастардың маргинализациясына әсер етіп, ауытқудың себебі болуы мүмкін деген болжам дәлелденген жоқ. Халықтың жастар субмәдениеттері өкілдеріне деген қатынасы қырағы болғанымен, мұндай қырағылықтың объективті себептері жоқ. Қалалық билік жастардың субмәдениеттері өкілдерімен тұрақты негізде өзара әрекеттесу механизмін ойластыруы қажет. Осылай өзара әрекеттесу, жастардың субмәдениеттері мүшелерінің шығармашылық қабілеттерін, спорттық жетістіктерін және тағы да басқа қабілеттерін көрсете алатын әр түрлі алаңдар құрып, қалалық деңгейдегі мәдени, ойын-сауық, спорттық іс-шараларды ұйымдастыру арқылы жүзеге асуы мүмкін.

2.5. Жастардың діншілдігі және азаматтық белсенділік деңгейі

2.5.1. Жастар санасындағы діншілдік динамикасы

Дін діни институт ретінде жақсылық пен зұлымдықтың мәңгілік мәселелерін, адамның өмір сүруінің шегі мен шексіздігін, өмірдің мәнін ұғынуға, және тағы да басқа көптеген ғылым жауап бере аламайтын сұрақтарға жауап бере алады. Дін біздің білімімізден асып түсетін нәрсені қамтиды.

Дін - сенім мен ұғыну түсінігі, ғылыми фактілерден гөрі сенімге негізделген наным. Бүгінде Қазақстандағы дін әлеуметтік топтарды, бүкіл қоғам біріктіруші факторлардың бірі ретінде көрініс тауып, оның әлеуметтік функциялары айқынрақ болып келуде. Діни құндылықтар жеке және көпшілік

сананың құрылымына өте ыңғайлы түрде енуде. Біртіндеп мемлекет пен діни қауымдастық арасындағы қатынастар қалыптасуда.


Қазіргі уақытта дүниетанымның қалыптасуында, құндылықтардың орнауында, қазақстандықтардың, әсіресе, жастардың әлеуметтік мінез-құлығын қалыптастырудағы діннің рөлін зерттеу аса өзекті болып табылады. Қазақ қоғамы елдегі тұрақтылық пен қауіпсіздікті әлсіретпекші қауіпке тап болды, террористік актілердің және экстремизм көріністерінің мемлекетке және қарапайым азаматтарға нақты қауіп төндіретін барлық теріс салдарларын сезінді.

Соңғы уақытта дінге кету, жаппай діни «жүгіну» мысалдары түрлі жастағы және түрлі кәсіптегі топтарда, әсіресе жастардың арасында байқалуда. Бұл түсінікті, өйткені жас кезге құндылық бағдарларын қалыптастыру уақыты сәйкес келеді. Осы зерттеудің міндеттерінің бірі діни ауытқулардың таралу қаупін анықтау үшін жастар арасындағы діни динамиканы зерттеу болды.

Жас алматылықтардың ойынша, соңғы үш-бес жыл ішінде қалалық жастардың діндарлығы өсті. Бұл пікірді респонденттердің 63,8% білдірді. 20% керісінше, діни деңгейдің төмендеуі байқалады деп санайды (19-сурет).

19- сурет

Сұрақ бойынша жауаптар: «Сіздің пікіріңізіше соңғы үш-бес жылда Сіздің қалаңыздағы жастардың діндарлығы өсуде ме алде кемуде ме?», (%)



Жастар арасында діндарлықтың өсуі қоғамға қаншалықты қауіпті? Ол қаладағы қоғамдық-саяси жағдайға әсер етеді ме?

Бұл сұраққа респонденттердің берген жауаптары екіге бөлінді : респонденттердің 41% діндар жастардың қоғамдық-саяси ахуалға әсері жоқ деп санайды, 37% діндар жастардың қоғамға әсері кері деп жауап айтты (жалпы «Иә, бұл әлеуметтік шиеленісті тудырады» - 14,6 және «Иә, дін ұстанушы адамдар, өз ережелерін орнатуға, басқаларға өз еркін таңуға тырысуда» - 22,4. 13,8% дін қоғамға жақсы әсер етеді, себебі дін ұстанушы адамдар қоғамға үлесімділік алып келеді деп есептейді.

Респонденттердің пікірінше, жастардың дінге келуінің негізгі себебі өмірдің мәнін ұғыну (37,8%), үміт пен жақсылыққа деген сеніммен (30,4%), тәртіптілік (27,6%), өмірдің қиын кезеңінде қолдау, демеу іспеттес (26%), рухани тәлімгер іздеуге байланысты (17,6%). Респонденттердің жауаптарынан көріп тұрғанымыздай жастардың дінге келу себептерін бағалаулары бейтарап және көбіне жағымды. Сұралғандардың санасында дін қауіппен теңестірілмейді, және діндар жастар қауіппен қорқыныш тудырмайды (20-кесте).

20- кесте

Сұрақ бойынша жауаптар: «Сіздің пікіріңізше жас адамдар діннен не іздейді?»,(%)

Жауаптар нұсқасы	%
Өмірдің мәні мен оны ұғынуды	37,8
Үміт, жақсылыққа деген сенімді	30,4
Тәртіптілікті	27,6
Өмірдің қиын кезеңінде қолдауды	26,0
Оған көмек беретін рухани тәлімгерді	17,6
Басқалардан ерекшелену мүмкіндігі	12,2
Бірлескен адамдардың қоғамдастығын, әртүрлі салаларда қолдау табуды	9,8
Жауап беруге қиналамын	7,2

Діндар жастарға қатысты қарым-қатынасты сезіну үшін айналадағылардың жан толғанысын зерттеу қажет. Респонденттердің үштен біріне жуығы (29,4%) олардың айналасында діндар адамдар бар-жоқтығына мән бермейтіндерін айтты. Сауалнамаға қатысқандардың төрттен бірі (24,8%) «олар ерік-жігері өте күшті адамдар, бірақ мен ондай болғым келмейді» деген пікір білдірді.

17,8% діндар адамдарға құрметпен қарайды және оларға еліктеуді қажет деп есептейді. Әрбір оныншы респондент «қатты діндар адамдардың қарым-қатынасында қиындықтар бар» және «діндар жастар мені қорқытады, олармен қарым-қатынастан аулақ болуға тырысамын» (тиісінше 10,4%) екенін атап өтті. Жалпы респонденттердің жауаптарынан көріп отырғанымыздай, діни сенім респонденттер арасында қайшылықты сезім тудырады. Бір жағынан, респонденттердің пікірінше, дін қоғамдағы әлеуметтік-саяси жағдайға әсер етпейді, екінші жағынан, діндар жастар қорқыныш турдырады, және респонденттер олармен қарым-қатынас жасаудан қорқады немесе қарым-қатынас жасағысы келмейді (21-кесте).

21-кесте

Сұрақ бойынша жауаптар: «Дінді терең ұстанатын діни адамдар Сізде қандай сезімдер тудырады?», (%)

Жауап нұсқасы	%
---------------	---

Маған бәрібір, мен оларға немқұрайлы қараймын	29,4
Бұл үлкен ерік күші бар адамдар, бірақ мен мұндай болғым келмейді	24,8
Қуаныш, мен оларды құрметтеймін және оларға еліктеу қажет деп санаймын	17,8
Терең діндар адамдардың тілдесуде қиындықтары болады	10,4
Діндар жастар мені қорқытады, мен олармен тілдесуден қашуға тырысамын	10,4
Басқасы	0,4
Мен оларды құрметтеймін, бірақ әр адам өзі таңдау жасауы қажет	0,2
Бейтарап қарым-қатынастамын	0,6
Күдікпен қараймын	0,2
Жиіркеніш	0,2
Жауап беруге қиналамын	5,6

2.5.2. Жастардың наразылық әлеуеті

Әлеуметтанулық сауалнамадағы міндеттердің бірі жастардың наразылық әлеуетін анықтау болды.

Жастар арасындағы әлеуметтік шиеленістің деңгейін зерделеу үшін зерттеу құралдарына жобалық сұрақтарды қолдандық.

Динамикалық әлеуметтік шындықты зерделеудегі жобалық сұрақтардың әдіснамасын қолдану бізге бұл шындықты белгілі бір адамдар қалай қабылдайтынын, саналарына белгілі бір әлеуметтік нормалар мен бейнелердің сіңуін түсінуге мүмкіндік береді. Адамның ішкі әлеміне ену үшін алдын-ала берілген схемаларды, айқын санаттар мен ұғымдарды қолдануға болмайды.

Біз бұл жағдайда респонденттерден: «Сіздің заңды құқықтарыңыз бұзылған жағдайда Сіз не істейсіз?» деп сұрадық. Алынған ақпаратқа сәйкес, олардың құқықтары бұзылған жағдайда респонденттердің көпшілігі заңды қорғау құралдарын пайдалануды жоспарлап отыр: жергілікті және орталық органдарға (53,6%) жүгіну және сотқа жүгіну (40,6%). Респонденттердің төрттен бірінен көбі (28,8%) бұқаралық ақпарат құралдарын тартатындарын айтты. Әрбір оныншы адам (10,6%) жұмысқа шықпайды, 9,8% кәсіподақтан қорғаныш сұрайды. 9% бейресми байланыстарды пайдаланады - олар өз жерлестерінен көмек сұрайды. Бір қуантатын жайт ол респонденттердің өте аз бөлігі билікке әсер ету үшін аштық жариялайтындарын, наразылық митингіне шығатынын, қару мен көртеріліс ұйымдастыратынын айтты (22-кесте).

22-кесте

Сұрақ бойынша жауаптар: «Сіздің заңды құқықтарыңыз бұзылған жағдайда Сіз не істейсіз?», (%)


Жауап нұсқасы	%
Жергілікті және орталық билік органдарына жүгінемін	53,6

Мен шенеуніктердің іс-әрекеттеріне сотқа шағымданамын.	40,6
Бұқаралық ақпарат құралдарын тартамын	28,8
Жұмысқа шықпаймын	10,6
Кәсіподаққа жүгінемін	9,8
Өз жерлестеріме көмек сұрап жүгінемін	9,0
Қағаздар таратамын	5,8
Мен өткір мәселелерді шешу үшін жұмыс кездесулеріне қатысамын	5,6
Менің мүддемді білдіретін депутатқа жүгінемін	4,2
Мен бейбіт көрсетілімдерге, наразылық акцияларына қатысамын	4,0
Аштық жариялаймын	2,6
Көтеріліске қатысамын	2,2
Өз құқықтарымды қарумен қорғаймын	1,0
Темір жол мен тас жолдағы қозғалысты тоқтатамын	0,4
Жауап беруге қиналамын	6,8

Осы зерттеудің мақсаттарының бірі жастардың тұрғылықты жердегі наразылықтар ықтималдығын бағалауы болды. Жүргізілген зерттеу нәтижелері бойынша респонденттердің жартысынан астамы (53,6%) қалада наразылық шаралары болмайтындығына сенімді. Олардың 14,6% ондай жағдайды орын алуы анық мүмкін еместігіне сенімді, 39% "көбірек жоқ" деген жауап нұсқасын дұрыс деп тапты, Алматы қаласында наразылық шараларының туындауын толықтай жоққа шығармаса да, ондай жағдайдың орын алу дәрежесі өте төмен деген ойда. Жас респонденттердің 35,8 % бүгінде Алматы қаласында жастар тарапынан наразылық шараларының орын алуы мүмкін деген ойда (жалпы жауаптар "ия, толықтай" - 8,6 % және "Мүмкін ия" - 27,2 %) 20-сурет.

20-сурет.

«Қалай ойлайсыз, Сіздің пікіріңізше қазір Сіздің қалаңызда наразылық шараланы орын алуы мүмкін бе?», (%)



Жастардың арасында белсенді наразылық шараларының туындау мәселесін зерделеуде ол мәселелінің пайда болу себебі, мәселесі маңызды болып табылады. Әлеуметтанулық сауалнама жүргізу барысында жастардың белсенді наразылық шараларына шығуына негіз болатын мәселелерді респонденттерге берілген тізім бойынша белгілеу ұсынылды. Сұралған жастардың үштен бірінен көбі (39,6 %) оларды ешнәрсе осылайша ашық наразылық шараға қатыстыра аламайтындығын айтты.

Көрсетілген мәселелердің ішінде наразылық белсенділігінің деңгейін көтеруге қабілетті себептер ішінде жастар көбінесе жұмыссыздықты (19,8%), әділетсіз сот шешімін (15,8%), шәкіртақы, жалақыны төлеуді кешіктіруді (15%), биліктің іс-әрекеттерімен қанағаттанбауды (14,2%), медицина қызметкерлерінің салғырт жұмысын (14,2%), коммуналдық қызметтер тарифтерінің негізсіз өсуін (14%), азық-түлік, ЖЖМ (жанар жағар май материалдары) , дәрі-дәрмек бағасының өсуін (14%) негізгі себеп ретінде көреді. (23-кесте).

23-кесте

Сұрақ бойынша жауаптар: «Қандай мәселе сізді көпшілік наразылық акциясына баруға мәжбүрлеуі мүмкін?», (%)».

Жауап нұсқалары	%
Мені ешнәрсе ашық наразылық акциясына баруға мәжбүрлей алмайды	39,6
Жұмыстағы қысқарту/ жұмыстан босату	19,8
Әділетсіз сот шешімі	15,8
Еңбек ақы/ шәкіртақы/ жәрдемақы төлемдерінің кешіктірілуі	15,0
Билік әрекеттерімен қанағаттанбау	14,2
Медициналық мекеме жұмыскерлерінің немқұрайлығы және кәсіпқой еместігі	14,2
Коммуналдық қызметтерге негізсіз тарифтерді көтеру	14,0
Тамақ өнімдері, жанар-жағармай (ЖЖМ), дәрілердің бағасының өсуі	14,0
Негізсіз айыппұлдар	13,0
Тұрғын үй мәселелері	12,4
Мектептегі / колледждегі / жоғары оқу орнындағы мәселелер	10,2

Несиелер және ипотека бойынша төлемдердің артуы	9,8
Қабылданған реформалармен келіспеушілік	9,0
Этникалық негіздегі құқықтардың бұзылуы	8,6
Экологиялық жағдайдың нашарлауы	8,2
Жауапберуге қиналамын	10,0

Осылайша, Алматы қаласында жастар арасында әлеуметтік наразылық (жанжалды) жағдайдың пайда болу ықтималдылығы жоғары емес. Оңтүстік астананың жас тұрғындары жағдайды тұрақты деп бағалайды, ал егер олар өз құқықтары бұзылатын болса, онда олар заңды қорғау тетіктерін қолдануды жоспарлап отыр. Жастар арасында әлеуметтік мәселелер наразылық ойлардың өсуіне әсер етуі мүмкін негізгі мәселе.

2.5.3. Жастардың саяси өмірдегі жағдайларға қызығушылығы

Заманауи қоғамның дамуы, ондағы тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін жастар арасындағы көптік сипаттағы өкілдеріне қатысты болып жатқан үрдістерге мән беру қажет. Мән беруді қажет ететін маңызды көріністердің бірі жастардың саяси белсенділігі мен олардың саяси өмірдегі жағдайларға қызығушылықтары болып табылады. Қазіргі кезде жастар қаншалықты саяси белсенді, және өздерінің саяси мүдделерін жүзеге асыруға қаншалықты қызығушылық танытады? Немесе керісінше, әлеуметтік пессимизммен, жойқын әрекетке және наразылық көңіл-күйіне деген көзқараспен сипатталады ма?

Алматы қаласының жастарына мемлекетіміздің саяси жағдайының қалай дамып жатқаны қызықты ма? Әлеуметтанулық зерттеудің нәтижелері көрсеткендей «жоқ, мені бұл қызықтырмайды» деген жауап ең көп (39 %) дауысқа ие болды, респонденттердің 37,2 % «саяси жағдайдың қалай орын алып жатқанын бақылайды, алайда бұл олар үшін қатты қызық емес». Оңтүстік астананың әр бір бесінші (22,6 %) тұрғыны саяси жағдайларға мән беріп қарайды. Жалпылай алғанда көріп тұрғанымыздай алматылықтарға саясат аясы қатты қызықты емес.

Қоғамдық белсенділіктің басты белгісі - жастардың қоғамдық және жастар ұйымдарының қызметіне қосылуы. Әлеуметтанулық зерттеулердің нәтижелері Алматыдағы жастардың әлеуметтік белсенділігінің төмен деңгейін көрсетті - сұралғандардың тек 24,8% қоғамдық ұйымдардың жұмысына қатысады. Респонденттердің 79,2% қоғамдық ұйымдардың мүшелері болып табылмайды (жалпы алғанда, респонденттердің 40% қызығушылық танытпайды және қоғамдық істермен айналысуға уақыты жоқ 39,2 %).

Қоғамдық ұйымдардың құрамына кіретінін айтқан 24,8 % респонденттің 9,8 % жастар ұйымында, 5,4 % спорттық және т.б. ұйымдардың құрамында екендігін айтты. (24- кесте)

Сұрақ бойынша жауаптар: «Сіз қандай қоғамдық ұйымның мүшесі болып табыласыз?», (%)

Жауаптар нұсқалары	%
Жоқ, болып табылмаймын, себебі бұл маған қызықты емес	40,0
Жоқ мүшесі болып табылмаймын, себебі менің қоғамдық қызметтерге қатысатын уақытым жоқ	39,2
Жастар ұйымы	9,8
Спорт ұйымы	5,4
Қызығушылықтар (автоэуесқойлар, жануарларды қорғау және т.б.) бойынша үйірмелер	2,8
Ғылыми, шығармашылық бірлестіктер	2,2
Ұлттық-мәдени бірлестік	1,6
Саяси бірлестік, партия	1,4
Аула клубы	1,2
Діни бірлестіктер	0,4
Жауап беруге киналамын	1,0

Қоғамдық ұйымдардың қызметіне жастардың қатысуының басты себебі - қоғамға пайдалы болу (60,2%). Респонденттердің үштен бірінен астамы (36,9%) қоғамдық ұйымдардың қызметіне қатысу арқылы жұмыс тәжірибесін жинауды қалайды. Сауалнамаға қатысқандардың төрттен бір бөлігіне (24,3%) адамдармен танысу маңызды. Жалпы алғанда, кестеде көрсетілген респонденттердің пікірлеріне қарағанда, жас алматылықтардың қоғамдық ұйымдарға мүше болуындағы мақсаты көбіне риясыз (25 - кесте).

Корреляциялық анализ респонденттердің ынтасы олардың гендерлік тиістілігіне, жасына, әлеуметтік беделіне қатысы жоқ екендігін анықтады.

25- кесте

Сұрақ бойынша жауаптар: «Сізді бұл ұйымдарға қатысуға не ынталандырады?», (%)

Жауаптар нұсқалары	%
Қоғамға, адамдарға пайдалы болу	60,2%
Жұмыс тәжірибесін және жалпы өмірлік тәжірибені алу	36,9%
Көп адам санымен танысу	24,3%
Қоғамда жоғары беделге ие болу	12,6%
Мансаптық саты бойынша жылжу талпынысы	11,7%
Басқа	0,0%

Мектепте кіруге мәжбүрлейді	1,0%
Денсаулықты көтеру	1,0%
Жауап беруге қиналамын	1,0%

Осылайша, Алматыда тұратын жастардың көпшілігінде саяси жағдайларға қызығушылық жоғары деңгейде емес. Саяси белсенділік, жас алматылықтардың негізгі басымдықтарының бірі болып табылмайды. Саяси контекстінде біз мегаполис жастарының маргиналдандуын олардың саяси өмірге араласуға құлықтарының, қызығушылықтарының жоқтығынан білугізге болады.

2.5.4. Жастардың ерікті жұмыс түріне қарым-қатынасы

Жүргізілген әлеуметтанулық зерттеудің нәтижесіне сәйкес Алматы қаласы жастарының басым бөлігі еріктілік туралы жалпы түсінікке ие. Мәселен, «Сіз еріктілер туралы есітіп білгеніңіз бар ма?» деген сұраққа 71,4% жауап берушілердің бұл туралы естігенін, бірақ ешқашан қатыспағанын атап өтті (26-кесте). Респонденттердің 14,4% еріктілік туралы ештеңе білмейді. Белсенді еріктілікпен респонденттердің тек 14,2 % айналысады.

26- кесте

Сұрақ бойынша жауаптар: «Сіз еріктілер туралы есітіп білгеніңіз бар ма?», (%)

Жауап нұсқалары	%
Ия, бұл туралы естігем, бірақ ешқашан қатыспағанмын	71,4
Жоқ, бірінші рет есітіп тұрмын	14,4
Ия белсенді ерікті болғанмын/ белсенді еріктімін	14,2

Гендерлік арақатынас тұрғысынан қыздар еріктілік туралы көбірек ақпараттандырылған. Респондент қыздардың 16,2 % өздерінің белсенді ерікті болғандарын немесе белсенді ерікті екендігін (ер кісілерде бұл көрсеткіш 11,8 %), қыздардың 74,3 % еріктілік туралы естіген (68 % ерлер). Әр бір бесінші жас (ер) респондент ешқашан еріктілік туралы естімегендіктерін айтты (20,2 %).

Респонденттердің жас ерекшеліктері тек «ия, белсенді ерікті болғанмын/еріктімін» деген жауап нұсқасын таңдаған кезде ғана байқалды. Бұл нұсқаны 14 жастан 18 жас аралығындағылар мен (17,5 %), 19 жастан 23 жас аралығындағылар (19,9 %) таңдады.


Еріктілік саласында тәжірибесі бар респонденттердің берген жауаптарын талдаған кезде олардың еріктілікпен айналысуы тек адам сүйгіштік, басқаларға көмектесу мақсатында екендігі көрінді (63,9 %) (21-сурет).

Респонденттердің еріктілікпен айналысуының екінші себебі өмірлік тәжірибе жинау (52,8 %), әлемді өзгертуге құлшыныс (19,4 %), айналада болып жатқан құбылыстарға жауапкершілік сезіну (15,3 %).

Жалпылама жүргізілген сауалнама барысында Алматы қаласында еріктілікке (58 %) жастар қызығушылық танытады (жалпы «Ия, бірақ қайда жүгіну қажет екенін білмеймін» - 9,8 %, «Ия, бірақ бос уақытым жоқ»- 38 % және «Ия, егер сыйақы берілсе» - 10,2 %) (27- кесте).

21-сурет

Сұрақ бойынша жауаптар: «Айтыңызшы, Сізді ерікті болуға не итермеледі?», (%)



27-кесте

Сұрақ бойынша жауаптар: «Сіз еріктілікпен айналысқыңыз келеді ме?», (%)

Жауап нұсқалары	%
Ия, бірақ бос уақытым жоқ	38,0
Жоқ, себебі маған ол қызық емес	28,0
Ия, егер сыйақы берілсе	10,2
Ия, бірақ қайда жүгіну қажет екенін білмеймін	9,8
Жоқ, себебі бұл пайдасыз жұмыс	7,4
Жауап беруге қиналамын	4,2

Еріктілік іс-әрекеттерге қатысуға көбіне 14-18 жас жасөспірімдер құштар, бірақ өз қалауларын қалай жүзеге асыру керек екенін білмейді (28 - кесте).

Еріктілікпен айналысуға қызығушылықтарының әлсіздігін бос уақыттың болмауында деп түсіндіретін респонденттердің жасы 19 бен 23 жас аралығында (28 - кесте).

28-кесте

Сұрақ бойынша жауаптар: «Сіздің еріктілікпен айналысқыңыз келеді ме?», (жас ерекшеліктері бойынша, %).

Жауаптар нұсқасы	14-18 жас	19-23 жас	24-29 жас
Ия, бірақ қайда жүгіну қажет екендігін білмеймін	16,5	9,2	7,4
Ия, бірақ бос уақытым жоқ	35	42,6	36,7

Ия, егер сыйақы берілсе	13,6	10,6	8,6
Жоқ, себебі бұл пайдасыз жұмыс	3,9	4,3	10,5
Жоқ, себебі маған ол қызық емес	22,3	27	30,9
Жауап беруге қиналамын	6,8	2,8	3,9

2.5.5. Жастардың азаматтық және сайлау белсенділігінің деңгейі

Саяси сайлау демократиялық қоғамның жұмыс істеуінің маңызды аспектісі болып табылады, соған қоса кезекті сайлаудың жемісті болуы да халықтың жай-күйіне байланысты. Қазіргі әлеуметтанулық зерттеулердің міндеттерінің бірі - жастардың Алматыдағы сайлауға деген көзқарасын зерттеу болды.

Респонденттердің жауаптарына талдау жасалғанда жастардың сайлауға қатысуға деген көзқарастары әр түрлі: 39% егер уақыт болса сайлауға қатысуға тырысады, 17,2% сайлауды еш уақытта жіберіп алмайды. Респонденттердің төрттен бірінен көбірегі (26%) сайлау процесіне қатысты күмәнданады, олардың 13,4% сайлауда қатысудың мәні жоқ және олардың нәтижелерінің адал екеніне сенбейді, 12,6% олар үшін қызық емес.

Жастарды өңірдің және жалпы елдің қоғамдық-саяси өміріне, жастарды адамдар капиталын дамытуға белсенді қатыстыруға ынталандыру үшін қызығушылықтарына қарай клубтардың жұмыстарын ұйымдастыру (дебат клубы, интеллектуалды ойындар, шығармашылық топтар, би топтары т.б.) қажет. Қазіргі кезде жастар мұндай мекемелердің жұмысына қаншалықты белсенді араласады? Әдеттегідей, маргинал жастар мұндай клубтардың жұмысына сирек қатысады, өздерінің бос уақыттарын өздері ұйымдастыруға тырысады.

«Сіздің, қызығушықтарға байланысты жұмыс жасайтын клубтарға қатысуда (дебат клубы, интеллектуалды ойындар, шығармашылық топтар, би топтары және т.б.) тәжірибеңіз бар ма?» деген сұраққа респонденттердің берген жауабын анализдеу барысында сұралғандардың басым көпшілігі мұндай топтардың бар екендігін білмейтін болып шықты (40,2 %). Респонденттердің төрттен бірі өздері қатыспағанын бірақ ондай клубтарға қатысатын адамдарды танитынын айтты (23,8 %).

Осы секілді клубтарға қатынасқан 33,2 % адамның 14,2 % тек бір рет қана солай жасағандарын айтады.

Қызығушылықтарға байланысты жұмыс жасайтын клубтардың мүшесіне келесідей әлеуметтік бейнені елестетуге болады – ол 14 жастан 18 жасқа дейінгі мектепте оқитын немесе оқу уақытында қосымша ақша табатын жас жігіт (жас қыз).

Гендерлік тиесілілік, табыс деңгейі қызығушылық бойынша жұмыс жасайтын клубтарға мүше болуға кедергі келтірмейді.

Жас респонденттер үшін қызығушылықтар бойынша клуб мүшесі болу келесідей мүмкіндіктер береді: өз бетінше дамуға (35,8 %), адамдармен тілдесу (24,8 %), уақытты пайдалы жұмсау (10,9 %), өмірлік тәжірибе алу (9,1 %), әлемді жақсы жаққа өзгерту (7,9 %), белгілі бір қабілеттерді дамыту (5,5 %), ақша табу (3,6 %).

Сұрақ бойынша жауаптар: «Сіз үшін клубтың жұмысына араласу, ...?», (%)

Жауап нұсқасы	%
Өз бетінше дамуға мүмкіндік	35,8
Адамдармен тілдесу	24,8
Уақытты пайдалы жұмсауға мүмкіндік	10,9
Өмірлік тәжірибе алу	9,1
Әлемді жақсы жағына өзгерту	7,9
Белгілі бір қабілеттерді дамыту	5,5
Ақша табу мүмкіндігі	3,6
Жауап беруге қиналамын	1,8

Осылайша, Алматы қаласында жастардың сайлауға қатысуға белсенділік деңгейі төмен, бұл сайлауда қатысу қажеттілігін бағалауда байқалды. Жастардың қызығушылықтар бойынша клубтарға, дала клубтарына бару белсенділігіне келер болсақ, клубтар санының аз болуы, жастардың ол клубтар туралы мәліметтерді білмеуі негізгі мәселе болып табылады. Қалалық ортада әлеуметтік оптимизмнің белсенділік деңгейін көтеру үшін қалалық билік тарапынан әр түрлі жастар топтарын, әсіресе әлсіз топтарды (жұмыссыздар, NEET) осы секілді ұйымдардың жұмыстарына тарту қажет.

ҚОРЫТЫНДЫ ЖӘНЕ ҰСЫНЫСТАР

«Алматы қаласындағы жастардың субмәдениеттерге енуі және маргиналдану деңгейін анықтау» зерттеу бағдарламасында Алматы қаласының маргиналдану деңгейін және оның әлеуметтік осал тұстарын, оңтүстік астанасындағы жастардың әлеуметтік мәселелерінің деңгейін жастар арасында жаппай сұрау жүргізу арқылы алынған нәтижелерді ұсынады.

Жүргізілген сауалнама барысында алынған объективті және репрезентативті мәліметтер келесідей қорытынды шығаруға мүмкіндік берді.

Алматы қаласындағы жастардың өз өмір сүру деңгейімен қанағаттануының жоғары деңгейі, мегаполистегі жастардың әлеуметтік өзсезінімі тұрақты екендігін көрсетеді.

Алматы қаласы жастарының тұрғылықты мекен жайға байланысты берген бағалары орта деңгейде, ол деңгейді жоғарылату үшін мегаполистегі барлық аудандарды бір деңгейде инфрақұрылымымен бірге дамыту, ескі үйлерді бұзып, қолжетімді жалдамалы тұрғын үй құрылысы және т.б. байланысты жұмыстар жүргізу қажет.

Респонденттер жоғары білімнің құндылығын жоғары бағалайды және одан әрі табысты өмір сүру мүмкіндігін сонымен байланыстырады. Сауалнамаға қатысқан жастардың білім мен оқудың қажеттілігі мен құндылығын түсінетінін және жастардың арасында ауытқу көріністерінің қаупін азайтатындығын көрсететін оң фактор.

Алматыдағы жастардың әлеуметтік-экономикалық жағдайының бүгінгі күнгі тұрақтылығы, әлеуметтік әл-ауқат деңгейін орташа бағалауда, өмір сүру жағдайларын тұрақты бағалауда, білімнің құндылығын жоғары бағалауда және жеке жұмысқа орналасу мүмкіндіктерінің орташа бағалауында көрініс тауып отыр.

Мегаполис жастарының әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту үшін қалалық билік біріншіден, қаладағы аудандардың біртұтас даму мәселелерін әрқашан назарға ала отырып, тұрғындар арасында, әсіресе жастар арасында наразылық тудыруы мүмкін аумақтық, тұрғын үй бөлінуін күшейтетін көріністерге жол бермеу керек. Екіншіден, жұмыс іздейтін, бірақ таба алмайтын жастар және НЕЕТ санатына ерекше назар аудару керек. Дәл осы топтар маргиналды жағдайда, және бұзылған ортаға қосылып кету қаупі осы топтар үшін жоғары. Осы санаттағы жастардың санының өсуіне жол бермеу үшін оларды жұмысқа орналастыру және оқу үдерісіне енгізу қажет. Респонденттердің ұсыныстарын ескере отырып, жұмыспен қамту мәселелерін шешу қажет: жұмыс стажына өндірістік практиканы (университетте, колледжде оқу кезінде) енгізуді ойластыру, жастарға мемлекеттік жобаларға қатысу және жұмыспен қамту бағдарламалары туралы қосымша ақпарат беру, жас мамандарды оқытып даярлау барысында жұмыс берушілерді шақыру, бұл еңбек нарығында алынған білімдер мен дағдылар арасындағы сәйкессіздіктер мәселесін шешуге көмектеседі.

Әлеуметтік-аумақтық тұрғыда Алматыдағы көші-қонды екі үлкен ағынға бөлуге болады: ауылды-қалалық және қалааралық көші-қон, бұл

мигранттардың әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік-мәдени ерекшеліктеріндегі айырмашылықтарда көрініс табады. Мигранттардың әлеуметтік жағдайын неғұрлым нақты талдау және болжау үшін осы тақырып бойынша нақты әлеуметтанулық зерттеулер жүргізу қажет, ол Алматы қаласындағы ауыл-қала және қала маңындағы мигранттардың бейінін талдау арқылы жүргізіледі. Қазіргі уақытта қалалық билік органдары мегаполисте табысты бейімделуге қажетті (мысалы, жоғары білім, тиісті біліктілік, тілдік дағдылар, қаржылық капитал) қабілеттері жоқ жастардың төменгі топтарына назар аудару керек. Осы топтың жастары жергілікті деңгейде мемлекеттік органдардың назарын аудартатын нысан болуы тиіс.

Респонденттер қаладағы қылмыстың өсуін мигранттардың үлкен ағынымен байланыстырады. Бұл тұжырымды растау үшін біз құқық қорғау органдарына мигранттардың жасаған қылмыстары туралы статистикалық деректерді талдауды және оның негізінде осы болжамның сенімділігі / дұрыс еместігі туралы қорытынды жасауға кеңес береміз. Қазіргі уақытта, респонденттердің бағалауы бойынша, Алматыға келген мигранттардың белгілі бір бөлігі қазірдің өзінде маргиналданған немесе қалаға келген кезде аймақтағы әлеуметтік ахуалға кері әсерін тигізеді деп қорытынды жасауға болады. Қалалық билік ішкі мигранттарды бақылау мен тіркеуді, олардың бостандығы мен орын ауыстыру мүмкіндігін шектеместен бақылауды күшейтуі керек.

Алматыдағы жастар арасында көшіп-қонуға қатысты қалаулар мен, мигранттарға деген көзқарастың өз ерекшеліктері бар. Біріншіден, жас респонденттердің басым бөлігі мигранттарға қарсы емес, бұл өздерінің көші-қон мәртебесіне байланыстырылады. Басқа бөлігі, керісінше, көші-қонды мақұлдамай ғана қоймай, сондай-ақ барлық қала мигранттарына қылмыстың өсуінен бастап, жұмыспен қамту мәселелесіне дейін айып тағуға дайын. Қаланың билік органдары осы топтардың мүдделері арасында ашық қақтығыстардан сақтанып, байырғы тұрғындар мен жергілікті тұрғындар тарапынан шектеулерді болдырмау үшін шеберлікпен әрекет жасауы керек. Уақыт өте келе, қалалық кеңістікке сіңісіп, жұмыспен қамтылып, арақатынасты реттеп, қалалық өмір салтын қабылдау, мигранттардың кейбір маргиналдылық деңгейі төмендеп, ауытқу қаупі төмендейді.

Спортпен айналыспайтын респонденттердің (қыздар, NEET санатының өкілдері, материалдық әл-ауқаты төмен, негізінен отбасылылар) өкілдеріне қарап, осы жастар үшін спорттық инфрақұрылым нысандарының жеткіліксіздігі туралы қорытынды жасауға болады. Шындығында бұл сипаттамалар респонденттердің табыс деңгейіне және олардың әлеуметтік мәртебесіне тікелей байланысты. Жастарды спортпен айналысуға белсендірек тарту үшін, қалалық билікке барлық спорт нысандарын жастарға барынша қол жетімді етуге әрекет жасауларына кеңес береміз.

Бұған назар аударған жөн, білім беру мекемелерінің мұғалімдерінің, ата-аналардың осы нәтижелерімен танысып, жасөспірімдердің есірткі заттарын таралуын және пайдалануын болдырмау бойынша шаралар әзірлеу.

Алматы қаласында жастардың арасында қауіп төндіріп тұрған жайт ол-

респонденттер есірткіні қай жерден сатып алуға болатынын белгілеген нұсқалардың ішінде мектептің болуы. Бұған назар аударып, осы нәтиже қорытындыларымен білім беру мекемелеріндегі мұғалімдерді, ата-аналарды таныстырып жасөспірімдер арасында есірткі заттарының таралуын және пайдалануын болдырмау шараларын әзірлеу қажет. Респонденттердің бағалауы бойынша, біреудің есірткі қолдануы толық және біржақты сынға алуды және бас тартуды туындатпайды. Сонымен қатар, кейбіреулер үшін бұл ауытқу белгілі бір «күштілік» немесе заманауи тәжірибе ретінде көрінеді. Біз респонденттердің девиантты мінез-құлыққа байланысты берген бағаларын шикі (қалыптасып бітпеген) деп айта аламыз. Есірткі қабылдауға қарсы және жол беруге болмайтын сезім қалыптастыруға байланысты жұмыстар жүргізу қажет. Есірткіге қарсы күрестің тиімді шарасы ретінде әлеуметтік желілерде қоғамдық пікір лидері: блогерлер, вайнерлер қатысуымен әлеуметтік роликтер ұынуды айтуға болады. Есірткі қолдану сәнді және индивидтің қаржылық тоқтылығын білдіретін көрсеткіш деген стереотиптің таралуына жол бермеу маңызды. Керісінше, салауатты өмір салтын, спортты насихаттау, темекі шегуден, алкогольді және есірткіні қолданудан бас тарттыру қоғам мен негізгі әлеуметтік институттардың басты міндеті болып табылады.

Жастар арасында зорлық-зомбылық әрекеттер көбінесе таныстарымен және құрдастарының қатысуымен жасалады. Одан бөлек жастардың қылмысқа бейімділігіне табыс мөлшері де әсерін тигізеді. Бұл тұрғыда жоқтылық әлеуметтік теңсіздіктің қосымша көрінісі ретінде, ал қылмыс оның алдын алудың жолы ретінде көрініс табады.

Қылмыстың себебі ретінде көбінесе азық-түлік, киім, ойындар мен ойын-сауыққа қол жеткізудің негізгі қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады. Бұл жағдайда материалдық игілік жасөспірімдердің заңға бағынатын мінез-құлығына кепілдік бермейді, себебі, жақсы қамтылған отбасылардағы секілді, бала заңсыз әрекеттер жасай алады, бірақ бұл жағдайда бұл қылмыстар негізінен адамның рухани кемшіліктерін көрсетеді.

Жастардың орташа жас тобы (19-23 жас) өз-өзіне қол жұмсау қауіпті аймағында. Жастардың өз-өзіне қол жұмсауының негізгі себептері екі үлкен топқа біріктірілуі мүмкін. Бірінші топ негізінен жас ерекшеліктеріне байланысты күйзеліс, жауапсыз махаббат кесірінен қайғыру, жанжалды жағдайларды қасіретпен сезіну және есірткіге (алкоголь) тәуелділікке бейімді болған жастардың психологиялық, эмоционалдық мәселелеріне байланысты. Екінші топ экономикалық негізге ие және жас индивидтердің материалдық қиындықтарымен (кедейлік, жұмыссыздық, отбасын асыра алмау) байланысты. Осы және басқа да себептер астарында әлеуметтік негіз жатыр және қоғам мен мемлекет тарапынан назарды қажет етеді. Қандай әлеуметтік институттар немесе агенттермен өзара әрекеттесетініне байланысты жастардың әр түрлі жас топтарына қатысты көзқарастарды саралау керек. Қалалық биліктің негізгі жұмысы жастардың өз-өзіне қол жұмсау ниеттерін ерте анықтау және суицидтік мінез-құлықтың алдын-алу үшін тиімді жүйесін

құру болып табылады. Қалалық биліктің негізгі жұмысы жастардың өз-өзіне қол жұмсау ниеттерін ерте анықтау және суицидтік мінез-құлығының алдын-алу үшін тиімді жүйені құру болып табылады.

Жастар субкультураларындағы Алматы жастарының қатысу деңгейін талдау бұл құбылыстың мегаполисте жиі кездесетінін көрсетті. Жасөспірімдердің субмәдениеттерге тиістілігі жастардың кіші жас тобына (14-18 жас) аса тән. Жасөспірімдік кезең- бұл тұлғаның қалыптасу кезеңі. Жасөспірімдер тобы өздерінің жеке мүшелерін қалыптастыруда маңызды рөл атқара отырып, жасөспірім мінез-құлығының негізгі реттеушісі бола алады. Демек, осы жасөспірім кездерінде ең маңызды ішкі, рухани өзгерістер балалардың мінез-құлығына үлкен көңіл бөлу керек болғанда пайда болады.

Жастар субмәдениетінің өкілдері әдетте, делинквентті (қылмыстық) әрекеттер жасамайды. Жастар субмәдениеттерінің негізгі бағыты - спорттық, музыкалық, эстетикалық. Жастардың субмәдениетке кіруінің негізгі себептері - хобби, өмірді түрлендіру болып табылады. Осы зерттеу жұмысында жастардың субмәдениеттердегі мүшелігі жастардың маргиналдануына әсерін тигізеді және ауытқудың себебі болуы мүмкін деген гипотеза расталмады. Халық жастардың субмәдениет өкілдеріне негізінен сақтықпен қарайды, бірақ мұндай сақтық шараларының объективті себептері жоқ. Қалалық билік жастардың субмәдениет өкілдерімен тұрақты негізде өзара әрекеттесу механизмін ойластыру керек. Бұл өзара әрекеттесу қалалық деңгейдегі мәдени, ойын-сауық, спорттық іс-шараларды ұйымдастыруға, жастар субмәдениетінің мүшелері өз шығармашылығын, спорттық жетістіктерін және т.б. көрсете алатын түрлі алаңдарды құру арқылы мүмкін болады.

Алматы жастарының арасында наразылық (жанжалды) қоғамдық жағдайлардың пайда болу ықтималдығы жоғары емес. Оңтүстік астананың жас тұрғындары жағдайды тұрақты деп бағалайды, ал олардың құқықтары бұзылған жағдайда, негізінен, заңды қорғау тетіктерін қолдануды жоспарлап отыр. Жастар арасында наразылық жай-күйдің өсуіне әсер етуі мүмкін негізгі мәселелер негізінен әлеуметтік сипат алады.

Алматы жастарының көпшілігіне саяси жағдайларға қызығушылық танытудың жоғары деңгейі тән емес. Саяси белсенділік, жас алматылықтардың негізгі басымдықтарының бірі болып табылмайды. Бұл жағдайда мегаполис жастарының маргиналдануы туралы саяси құндылықтар контекстінде талқылауға болады, бұл саяси оқиғаларға қызығушылықтың жоқтығы және қоғамдық ұйымдардың қызметіне қатысудан бас тартатындығынан байқалады.

Қосымша



АЛМАТЫ қаласындағы жастар арасындағы жүргізілетін жаппай сауалнама

Сауалнама № _____ Қаланың ауданы: _____

Құрметті респондент! Менің аты-жөнім _____. Мен «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығының (Астана қ.) сұхбат алушысы болып табыламын. Сізден қазақстандық жастардың өзекті мәселелеріне арналған әлеуметтік сұрауға қатысуды сұраймыз. Сіздің пікіріңізге бірқатар сұрақтар мен олардың жауаптар нұсқалары ұсынылған. Өтініш, осы сұрақтар мен оларға ұсынылған жауаптар нұсқаларын соңына дейін тыңдаңыз, Сізді қанағаттандыратын жауапты таңдаңыз. Ұсынылған жауаптардың бірде-біреуі Сізді қанағаттандырмаған жағдайда «басқасы» деген жолда өз нұсқаңызды көрсетіңіз.

Алынған ақпарат тек жалпыланған түрде ғана пайдаланылатын болады. Сіздің пікіріңіздің анонимдігі және құпиялығына кепілдік беріледі.

1 БЛОК. ЖАСТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

1. Сізді, жалпы қазір сүріп жатқан өміріңіз қанағаттандырады ма? (БІР жауап)

1. Толығымен қанағаттандырады
 2. Қанағаттандырады деуге болады
 3. Қанағаттандырмайды деуге болады
 4. Мүлдем қанағаттандырмайды
- (99) Жауап беруге қиналамын

2. Айтыңызшы, Сіздің жеке өзіңіздің тұрғын үйіңіз бар ма? (БІР жауап)

1. Иә, жеке өзімнің тұрғын үйім бар
2. Жоқ, мен ата-анаммен бірге тұрамын
3. Жоқ, мен туыстармен (достармен және / немесе таныстармен) бірге тұрамын
4. Жоқ мен пәтер, бөлме жалдаймын
5. Жоқ, мен студенттер жатақханасында тұрамын
6. Басқасы (жазыңыз) _____

3. Сіз өзіңіздің қазіргі тұрғын үй жағдайымен қанағаттанасыз ба? (БІР жауап)

1. Иә, толығымен қанағаттанамын ----- → № 5 СҰРАҚҚА КӨШІҢІЗ
 2. Иә, жартылай қанағаттанамын ----- → № 4 СҰРАҚҚА КӨШІҢІЗ
 3. Жоқ, қанағаттанбаймын ----- → № 4 СҰРАҚҚА КӨШІҢІЗ
 4. Басқасы (жазыңыз) _____
- (99) Жауап беруге қиналамын

4. Айтыңызшы, Сіз неліктен өзіңіздің тұру жағдайыңызға қанағаттанбайсыз? (ҮШ ЖАУАПТАН КӨП ЕМЕС)

1. Жайсыз тұрғын үй (үйде су құбырының және кәріз жүйесінің болмауы)
 2. Ескірген тұрғын үй (үй, пәтер)
 3. Танымал емес аудан (орталықтан қашық болу, нашар экологиялық жағдай және т.б.)
 4. Ауданда дамыған инфрақұрылымның болмауы (бала-бақшалардың, мектептердің, ауруханалардың, супермаркеттердің және т.б. болмауы)
 5. Тұрғындардың көп болуына байланысты тар болуы
 6. Коммуналдық қызметтердің жоғары бағасы
 7. Жалға берілетін тұрғын үйдің жоғары бағасы
 8. Басқасы (жазыңыз) _____
- (99) Жауап беруге қиналамын

5. Сіз қазіргі сәтте оқисыз ба? (БІР жауап)

1. Иә, мен мектепте оқимын
 2. Иә, мен колледжде, училищеде және т.б. оқимын
 3. Иә, мен университетте, институтта, академияда және т.б. оқимын.
 4. Жоқ, қазіргі сәтте мен оқымаймын
 5. Басқасы (жазыңыз) _____
- (99) Жауап беруге қиналамын

6. Сіздің ойыңызша, заманауи Қазақстанда жоғары білім жас адамға не бере алады? (ҮШ ЖАУАПТАН КӨП ЕМЕС)

1. Тұрақты еңбек ақы кепілдігін
 2. Жоғары табыс
 3. Маңсаптық өсім мүмкіндігін
 4. Жоғары әлеуметтік мәртебе
 5. Еңбек нарығындағы бәсеке қабілеттілікті
 6. Өздігінен даму мүмкіндігін
 7. Қалаған жұмысқа орналасу мүмкіндігін
 8. Басқасы (жазыңыз) _____
 9. Жоғары білім ешқандай басымдықтар бермейді
- (99) Жауап беруге қиналамын

7. Сіз қалай ойлайсыз, Сіздің қатарыңыздағы жастардың жұмыс іздеуде және жұмысқа орналасуларында қиындықтар кездесе ме? (БІР жауап)

1. Иә, жастардың үнемі жұмысқа орналасу кезінде қандай да бір мәселелер кездеседі
 2. Жастар, мамандық бойынша жұмысқа орналасуда қиындықтар көреді. Арнайы кәсіби дағдыларды талап етпейтін жұмысты табу қиынға түспейді.
 3. Мен тұратын қалада жастарда жұмысқа орналасу туралы мәселесі бойынша кедергілер жоқ
 4. Басқасы (жазыңыз) _____
 5. Мен оқимын, жұмыс іздемеймін, менің жұмыс іздеу, жұмысқа орналасу тәжірибем жоқ
- (99) Жауап беруге қиналамын

8. Егер Сіз жұмыссыз қалатын болсаңыз, Сіздің пікіріңізше сіз қаншалықты тез өзіңізге лайықты жұмысты таба аласыз? (БІР жауап)

1. Мен жұмысты ең қысқа мерзімде табамын
 2. Жұмыс іздеу белгілі бір қиындықтарды тудырады, бірақ үш айдың аралығында мен жұмыс тауып аламын
 3. Жаңа жұмыс іздеу – бұл жас адамның ең үлкен мәселесі, жақсы жағдайда жұмысты жарты жылдың аралығында табамын
 4. Басқасы (жазыңыз) _____
 5. Оқимын, жұмыс іздемеймін, менің жұмыс іздеу, жұмысқа орналасу тәжірибем жоқ
- (99) Жауап беруге қиналамын

9. Сіздің пікіріңізше, Сіздің қалаңыздағы жастардың жұмысқа орналасуына не кедергі келтіреді? (ҮШ ЖАУАПТАН КӨП ЕМЕС)

1. Еңбек нарығындағы жас мамандардың төмен бәсекеге қабілеттілігі
 2. Алынған білім мен бос орынның функционалдық талаптарының сәйкес келмеуі
 3. Жұмыс тәжірибесінің болмауы
 4. Жұмыс берушілердің парақорлығы, сыбайлас жемқорлығы
 5. Этникалық (ұлттық) белгілері бойынша кемсіту
 6. Әйелдер немесе ерлер жыныстарына қатысты кемсіту
 7. Денсаулық жағдайы
 8. Төмен еңбек ақы
 9. Жас баланың болуы
 10. Жас мамандардың жоғары кеудемсоқтығы
 11. Тұратын ауданда жұмыс орындарының болмауы
 12. Ешқандай кедергі жоқ
 13. Басқасы (жазыңыз) _____
- (99) Жауап беруге қиналамын

2 БЛОК. ЖАСТАРДЫҢ ІШКІ ЖӘНЕ СЫРТҚЫ ҚОНЫС АУДАРУЫ

10. Сіздің ойыңызша, Алматыда мигранттармен байланысты мәселелер бар ма? (БІР жауап)

1. Иә, қалада алыс шетелден (Қытай, Пәкістан, Үндістан, басқ.) келген мигранттар көп
2. Иә, ТМД мемлекеттерінен (Ресей, Молдова, Украина, Беларусь) келген мигранттар көбейді
3. Иә, Алматыда Орталық Азия мемлекеттерінен (Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан және басқ.) келген келушілердің саны өте көп
4. Иә, қалада Қазақстанның басқа облыстарынан келушілер көп
5. Иә, қалада Алматы облысынан келген мигранттар көп
6. Жоқ, Алматыда қоныс аудару мәселесі жоқ-----→ № 12 СҰРАҚҚА КӨШІҢІЗ
7. Басқасы (жазыңыз) _____

(99) Жауап беруге қиналамын

11. Алматыда қоныс аударумен байланысты қандай мәселелер туындайды? (БІР жауап)

1. Мигранттар барлық жұмыс орындарын иеленеді
2. Қылмыстылықтың өсуі
3. Тұрғын үй бағасының өсуі
4. Тәртіпсіздік пен митингтердің пайда болуы
5. Қаладағы антисанитария
6. Қала инвесторлар үшін, туристер үшін аз тартымды бола бастайды
7. Мигранттар ешқандай мәселелер тудырмайды
8. Басқасы (жазыңыз) _____

(99) Жауап беруге қиналамын

12. Егер Алматы халқының қоныс аударуымен байланысты жағдайды қарастыратын болсақ, төменде аталған пікірлердің қайсысымен Сіз келісетін едіңіз, соны белгілеңіз? (БІР жауап)

1. Қалаға мигранттарды қабылдау керек емес
2. Қалаға келетін мигранттардың санын қатаң реттеп отыру керек
3. Алматы тек кәсіпқой мамандарды ғана қабылдауы керек
4. Мемлекеттің кез келген азаматының Алматыға келуге, тұруға және осы жерде жұмыс істеуге құқығы бар
5. Алматыға мигранттарды тарту керек, себебі жұмыс қолдарын қажет етеді
6. Басқасы (жазыңыз) _____

(99) Жауап беруге қиналамын

13. Сіз Алматыда қанша уақыт өмір сүріп келесіз? (БІР жауап)

1. Мен және менің ата-анам осы жерде туған
2. Мен осы жерде дүниеге келдім
3. Мен Алматыда 20 жылдан астам тұрамын
4. Мен Алматыда 10 жылдан астам тұрамын
5. Мен Алматыда 5 жылдан астам тұрамын
6. Алматыда кемінде 5 жыл тұрамын
7. Алматыға уақытша келдім (оқуға немесе жұмысқа)

14. Айтыңызшы, Сіз қазақстандық жастардың Қазақстаннан басқа мемлекетке білім алу үшін кетуіне қалай қарайсыз? (БІР жауап)

1. Құптаймын, шетелде жақсы білім алу мүмкіндігі бар
2. Егер білім алғаннан кейін, олар Қазақстанға қайтып оралған жағдайда ғана құптайтын шығармын
3. Құптамайтын шығармын, себебі оқып алып, олар шетелде тұруға қалады, «білімді адамдардың көшуі» орын алады
4. Құптамаймын, себебі бұл патриоттық емес
5. Бейтарап, маған бәрібір
6. Басқасы (жазыңыз) _____

(99) Жауап беруге қиналамын

15. Айтыңызшы, Сіз күндердің күнінде басқа мемлекетке білім алу үшін, мысалы университетке немесе колледжге түсу үшін барғыңыз келді ме? (БІР жауап)

1. Жоқ, барғым келмеді, мен білімді Қазақстанда аламын -----→ № 18 СҰРАҚҚА КӨШІҢІЗ
2. Жоқ, менің қазақстандық білімім бар және шетелде білім алуды жоспарламаймын-----→ № 18 СҰРАҚҚА КӨШІҢІЗ
3. Иә, мен басқа мемлекетке оқуға барғым келеді, бірақ менің мүмкіндігім жоқ.
4. Иә, мен басқа мемлекетке оқуға барғым келеді, бірақ менің ата-аналарым (жақын туыстарым) менің кетуіме қарсы
5. Иә, мен жоғары білім алу үшін басқа мемлекетке баруды жоспарлаймын
6. Мен шетелде білім алдым -----→ № 18 СҰРАҚҚА КӨШІҢІЗ
7. Басқасы (жазыңыз) _____

(99) Жауап беруге қиналамын

16. Егер Сіздің мүмкіндігіңіз болса, сіз қай жерде жоғары білім алуды қалар едіңіз? (БІР жауап)

1. Еуропада

2. АҚШ-та
 3. Қытайда
 4. Түркияда
 5. Ресейде
 6. Басқасы (жазыңыз) _____
- (99) Жауап беруге қиналамын

17. Неліктен Сіз шетел ЖОО оқығыңыз келеді? (ҮШ ЖАУАПТАН көп емес)

1. Ол жақтың білім сапасы жоғары
 2. Шетел білімін алу беделді
 3. Әлемді көргім келеді, ой өрісімді кеңейткім келеді
 4. Ол жақта жатақханада тұрудың ыңғайлы жағдайлары бар
 5. Жоғары стипендия ұсынады
 6. Шетелдегі корпустардың, кабинеттердің және зертханалардың үздік техникалық, компьютерлік жабдықталуы
 7. Шетелде жұмысқа орналасу және сол жақта қалу оңай
 8. Шет тілдерді меңгеру мүмкіндіктері
 9. Менің менталитетім жергілікті халыққа сәйкес келмейді
 10. ЖОО-на түсу оңай
 11. Тегін білім беру
 12. Басқасы (жазыңыз) _____
- (99) Жауап беруге қиналамын

3 БЛОК. САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ ЖӘНЕ ДЕВИАНТТЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ

18. Айтыңызшы, Сіз дұрыс тамақтану режимін сақтайсыз ба? (БІР жауап)

1. Иә
 2. Көбінесе ия, бірақ кейде сақталмай қалады
 3. Сирек
 4. Жоқ, ешқашан тамақтану режимін сақтаған емеспін
 5. Басқасы (жазыңыз) _____
- (99) Жауап беруге қиналамын

19. Сіз қаншалықты жиі спорт залына, стадионға, бассейнге және т.б. барасыз? (БІР жауап)

1. Аптасына екі немесе одан көп рет
 2. Айына үш-төрт рет
 3. Айына бір рет
 4. Жылына бірнеше рет
 5. Басқасы (жазыңыз) _____
 6. Спорт мекемелеріне бармаймын
- (99) Жауап беруге қиналамын

20. Айтыңызшы, Сіз шылым шегесіз бе? (БІР жауап)

1. Иә-----→ № 21 СҰРАҚҚА КӨШІҢІЗ
 2. Жоқ-----→ № 22 СҰРАҚҚА КӨШІҢІЗ
- (98) Жауап жоқ-----→ № 22 СҰРАҚҚА КӨШІҢІЗ

21. Егер шылым шексеңіз, қаншалықты жиі шегесіз? (БІР жауап)

1. Тұрақты, әр күн сайын
 2. Аптасына бірнеше рет
 3. Айына бірнеше рет
 4. Айына бір реттен сирегірек
- (99) Жауап беруге қиналамын

22. Сіз қалай ойлайсыз, Алматы жастары қаншалықты алкогольге бейім болып келеді? (БІР жауап)

1. Алкоголизм мәселесі қала жастары үшін өте өзекті
 2. Иә, Алматы жастары алкогольді аздап қолданады, бірақ бұл мәселе емес
 3. Алкогольді тек криминалды өмір салтын ұстанатын жастар ғана пайдаланады
 4. Берілген мәселе Алматы жастары үшін мүлдем өзекті емес
- (99) Жауап беруге қиналамын

23. Сіз есірткіні қолданудың куәсі болдыңыз ба? (БІР жауап)

1. Иә, мен мұндай жағдайларды жиі көремін
2. Мен кейде есірткіні қолданудың куәгері боламын
3. Жоқ, мен мұндай жағдайларды ешқашан көрген емеспін
4. Басқасы (жазыңыз) _____

(99) Жауап беруге қиналамын

24. Сіздің есірткі пайдаланатын таныстарыңыз бар ма? (БІР жауап)

1. Иә
2. Жоқ

(99) Жауап беруге қиналамын

25. Сіз қалай ойлайсыз, егер Сіздің қалаңыздың жастарында есірткі пайдалануға деген құмары пайда болса, олар оны қай жерден сатып ала алар еді? (ҮШ ЖАУАПТАН КӨП ЕМЕС)

1. Оқып жатқан оқу орнында
2. Достарынан
3. Дискотекада
4. Базарда
5. Вокзалда
6. Басқасы (жазыңыз) _____

7. Мен жастардың есірткіні қайдан сатып алатынын білмеймін

26. Сіз қалай ойлайсыз, нәліктен Сіздің қалаңыздың жас адамдары есірткіні пайдалана бастайды? (ЕКІ ЖАУАПТАН КӨП ЕМЕС)

1. Артық ақша мен уақыттың болуы кезіндегі қызығушылықтан
2. Есірткіні таратушыға жоқ деп айтуға ерік күші жетпейді
3. Өмір қиындықтарынан қиял әлеміне кету құмары
4. Сәннен қалмау, «мықты» болып көрінуге ұмтылыс
5. Денсаулыққа және өмірдің өзіне жауапсыз қарау
6. Басқасы (жазыңыз) _____

(99) Жауап беруге қиналамын

27. Соңғы үш айда сіз өзіңіздің құрбыларыңызға қатысты қандай да бір зорлық-зомбылықтан немесе физикалық күш көрсетуден зардап шеккені жөнінде куәгер болдыңыз ба? (БІР жауап)

1. Жиі -----→ № 28 СҰРАҚҚА КӨШІҢІЗ
2. Кейде-----→ № 28 СҰРАҚҚА КӨШІҢІЗ
3. Ешқашан -----→ № 29 СҰРАҚҚА КӨШІҢІЗ
4. Басқасы (жазыңыз) _____

(99) Жауап беруге қиналамын -----→ № 29 СҰРАҚҚА КӨШІҢІЗ

28. Айтыңызшы, Сіздің құрдасыңызға қатысты физикалық немесе басқа озбырлық кіммен жасалды? (БІР жауап)

1. Ата-ана
2. Мұғалім
3. Сыныптас / сыныптас қыз
4. Құрдас
5. Басқасы (жазыңыз) _____

(99) Жауап беруге қиналамын

29. Сіздің ойыңызша, жастардың төмен табыс деңгейі қылмыс жасаудың себебі бола алады ма? (БІР жауап)

1. Әрине, сөзсіз бола алады, төмен материалдық жағдай қылмыстылық деңгейімен тығыз байланысты
2. Ия, деседе болады, себебі, негізінен кедейшіліктен қылмыскерлер пайда болады, бірақ оның одан да басқа себептері бар
3. Жоқ, десе болады төмен табыс деңгейі қылмыс жасау себебі бола алмайды
4. Үзілді-кесілді жоқ, жастардың материалдық жағдайы қылмысқа деген бейімділікпен ешбір байланысты емес

(99) Жауап беруге қиналамын

30. Сіздің пікіріңізше өз-өзіне қол жұмсау мәселесі Алматы жастары үшін өзекті болып табылады ма? (БІР жауап)

1. Иә, бұл мәселе біздің қаламыздың жастары үшін аса өзекті
2. Бұл мәселе бар, бірақ ол соншалықты өткір емес
3. Суицид мәселесі қала жастарына мүлдем қатысты емес

4. Басқасы (жазыңыз) _____
(99) Жауап беруге қиналамын

31. Сіздің туыстарыңыздың немесе таныс жас адамдарыңыздың ішінде бұрында өз-өзіне қол жұмсау әрекеттерін жасағандар бар ма? (БІР жауап)

1. Иә, менің таныс адамдарымның арасында осындай жағдай болғанын білемін
 2. Мен мұндай жағдайлар туралы естідім, бірақ олар маған таныс емес адамдарға қатысты болды
 3. Мен мұндай жағдайлар туралы ешқашан естімегенмін
 4. Басқасы (жазыңыз) _____
- (99) Жауап беруге қиналамын

32. Сіз қалай ойлайсыз, жастар арасында өз-өзіне қол жұмсау әрекеттерін жасаудың себебі не болуы мүмкін? (ҮШ ЖАУАПТАН КӨП ЕМЕС)

1. Жұмыссыздық, жұмыс табу және өзін және өз отбасын асырай алу мүмкіндігінің болмауы
 2. Кедейшілік, төмен өмір сүру деңгейі
 3. Ата-аналардың, жақын туыстардың болмауы (немесе олардан айырылу)
 4. Табыспаған, жауапсыз махаббат
 5. Ата-аналармен, отбасы мүшелерімен дау-жанжалдар
 6. Жалғыздық немесе оның алдындағы қорқыныш
 7. Есірткі немесе алкогольдік тәуелділік
 8. Қорқыныш және болашақтағы белгісіздік
 9. Депрессия
 10. Айналасындағы адамдармен дау-жанжалдар
 11. Басқасы (жазыңыз) _____
- (99) Жауап беруге қиналамын

4 БЛОК. ЖАСТАРДЫҢ СУБМӘДЕНИЕТІНЕ ТАРТЫЛУ

33. Айтыңызшы, Сіз әдетте бос уақытты қалай өткізесіз? (ҮШ ЖАУАПТАН КӨП ЕМЕС)

1. Үйде отбасы арасында
 2. Отбасымен, жақындарыммен табиғатқа шығамын
 3. Теледидар, видео көремін
 4. Музыка тыңдаймын
 5. Компьютер ойындарын ойнаймын
 6. Интернетте, әлеуметтік желіде сөйлесемін
 7. Спорт секциясына барамын, спортпен шұғылданамын
 8. Оқимын, сурет саламын, музыкамен айналысамын
 9. Достарыммен, таныстарыммен кездесемін
 10. Қосымша ақша табамын
 11. Театрға, операға, концерттерге барамын
 12. Кинотеатрға барамын
 13. Кәсіби курстарға барамын
 14. Тілдік курстарға барамын
 15. Мешітке / шіркеуге барамын
 16. Қоғамдық-саяси қызметпен айналысамын
 17. Басқасы (жазыңыз) _____
 18. Ештеме жасамаймын, жай демаламын
 19. Бос уақытым жоқ
- (99) Жауап беруге қиналамын

34. Сіздің достарыңыз көп пе? (БІР жауап)

1. Иә, менің достарым көп
